

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯСЫ

АЙДАРАЛИЕВ ШЫҢҒЫС ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт)
білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру институты Жалпы заң пәндері
кафедрасының аға оқытушысы
А.Б. Байғалиев,
PhD докторы, әділет кіші кеңесшісі

Тең жетекші:
Р.Р. Жилкайдаров

Қосшы қ., 2024 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертация мемлекеттік және өзге де ұйымдардағы заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды реттейтін қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамалардың кейбір нормаларын жетілдіруге арналған. Осы бағытта заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейтудің маңыздылығы мен тиімділігі зерттелген. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тергеулігі мәселесі қарастырылған. Заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылық енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленген.

РЕЗЮМЕ

Диссертация посвящена совершенствованию некоторых норм уголовного и Уголовно-процессуального законодательства, регулирующих противодействие незаконному вознаграждению в государственных и иных организациях. В данном направлении изучена обоснованность и эффективность усиления уголовной ответственности за получение незаконного вознаграждения. Рассмотрен вопрос о подследственности досудебного расследования по делам о таких уголовных правонарушениях. Разработаны предложения по введению уголовной ответственности за незаконное вознаграждение и посредничество в незаконном вознаграждении.

RESUME

The dissertation is devoted to the improvement of some norms of criminal and Criminal procedure legislation regulating the fight against illegal remuneration in state and other organizations. In this direction, the validity and effectiveness of strengthening criminal liability for illegal remuneration have been studied. The issue of conducting a pre-trial investigation in cases of such criminal offenses has been considered. Proposals have been developed to introduce criminal liability for illegal remuneration and mediation in illegal remuneration.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4 бет.
КІРІСПЕ	5-10 бет.
1. МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАРДА ЗАҢСЫЗ СЫЙАҚЫ АЛУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖАҒДАЙЫ	
1.1. Мемлекеттік және өзге де ұйымдардағы заңсыз сыйақы алудың ұғымы, оның қылмыстық құқықтық сипаттамасы мен ағымдағы жай-күйі.....	11-17 бет.
1.2. Заңсыз сыйақы алу мен пара алу қылмыс құрамы белгілерінің ерекшеліктері және тәжірибеде оларға дұрыс құқықтық баға беру мәселесі.....	17-20 бет.
1.3. Кейбір шетел мемлекеттерінің заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша тәжірибелері.....	20-30 бет.
2. МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАРДА ЗАҢСЫЗ СЫЙАҚЫҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
2.1. Заңсыз сыйақы алуды анықтау, ашу, жолын кесу және оны тергеп-тексеру мәселелері.....	31-41 бет.
2.2. Заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша сот тәжірибесі.....	41-51 бет.
2.3. Заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі	51-53 бет.
ҚОРЫТЫНДЫ	54-60 бет.
ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	61-64 бет.
ҚОСЫМШАЛАР	65-66 бет.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ҚПК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
ЖТӨ – Жасырын тергеу әрекеті
АЖШ – Арнаулы жедел-іздігіру іс-шарасы
ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы
АР ҚК – Армения Республикасының Қылмыстық кодексі
ТР ҚК – Тәжікстан Республикасының Қылмыстық кодексі
УҚК – Украинаның Қылмыстық кодексі
Қырғыз Республикасы ҚК – Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексі
БР ҚК – Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексі
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
СДТБТ – Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі
ҚР ӘҚБтК – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Азаматтардың заңды мүдделерін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тұрғысында әр мемлекеттің өзіндік ішкі және сыртқы факторларының әсері бойынша қылмыстық заңнамасы бекітілген. Еліміздің қылмыстық заңнамасы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚК) көрініс тапқан.

Диссертациялық зерттеу тақырыбымыздың нысанына айналған «Заңсыз сыйақы алу» іс-әрекеті осы қылмыстық заңнамамен реттеледі және ол үшін қылмыстық жауаптылық ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2, 3-бөліктерімен көзделген.

2020 жылғы 1 қыркүйектегі ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды» деп көрсетілген [1].

Осы ретте, Қазақстанда заңсыз сыйақы алумен байланысты құқықтық қатынастарды реттеуге және оған қарсы іс-қимылды жүргізуге бағытталған заң үстемдігі біршама баяулап тұр. Бұның салдары қоғам арасында әділетсіздік пен теңсіздіктің тууына әкеп соғуда.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Заңсыз сыйақы алу қоғамға қатер төндіретін қауіпті іс-әрекет екені сөзсіз. Бірақ, елімізде мемлекеттік және өзге де ұйымдардың қызметкерлерімен азаматтардан заңсыз сыйақы алу көріністері бәсеңдер емес. Әсіресе, мұндай қылмыстық іс-әрекеттер мемлекеттік емханалар мен ауруханаларда, мемлекеттік зерттеу орталықтарында, жоғары оқу орындарында, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, Ұлттық компаниялар мен басқа да квазимемлекеттік салаларда жиі орын алады. Аталған келеңсіз жағдай мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейтін және елдің өркендеуіне кері әсер ететін өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Өз кезегінде, заңсыз сыйақы алудың қылмыстық элементтері пара алудың белгілеріне өте ұқсас келеді, тіпті олардың жасалу жолдары да іспеттес. Сондықтан қоғамда азаматтардың көпшілігі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақы алумен байланысты құқыққа қайшы іс-әрекеттерді пара алу түріндегі сыбайлас жемқорлық қылмыс ретінде қабылдап жатады. Бұл жағдай алдымен заңсыз сыйақы алу мен пара алудың ара-жігін ажырата білуді талап етеді. Екеуінің басты айырмашылығы – қылмыс субъектісіне байланысты айқындалады.

Пара алудың субъектісі – «Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам не лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы» [2]. Заңсыз сыйақы алу бойынша қылмыстың субъектісі – «Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік

берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскері» [2].

Мұндай ерекшеліктері бойынша пара алу сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатқызылса, заңсыз сыйақы алу аталмыш санатқа кірмейді.

Статистикалық ақпарат көздеріне сәйкес заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл шаралары баяу қарқынмен жүзеге асуда. Себебі, бұған кейбір отандық заңнамалық актілердің нормалары тікелей кері әсерін тигізіп тосқауыл болып отыр. Соның ішінде, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі – ҚР ҚПК) мен Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңының талаптарын айтуға болады.

Атап келгенде, ҚР ҚПК-нің 232-бабы 4-бөлігі 1-тармағына сәйкес «жасырын тергеу әрекеттері жасалғаны үшін санкциясы бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмыстар туралы істер бойынша жүргізіледі» [3].

Бұл ретте, заңсыз сыйақы алуға қатысты ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктерінің жазалау санкциясында бір жыл тұрмақ, тіпті бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мүлдем қарастырылмаған.

Осының себебінен ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктері бойынша жасырын тергеу әрекеттерін (бұдан әрі – ЖТӨ) жүзеге асыруға мүмкіндік толықтай шектеліп, қылмыстық істі тергеу кезінде дәлелдемелік базаның жинақталуы қолжетімсіз болып отыр.

Сол тектес, аталған баптың жазалау санкциясы төмен болуының салдарынан заңсыз сыйақы алу қылмысын ашу үшін арнаулы жедел-ізвестіру іс-шараларын (бұдан әрі – АЖІШ) жүргізуге мүмкіндік болмауда.

Себебі, Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңының талаптары бойынша АЖІШ ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ ерекше жағдайларда ауырлығы орташа қылмыстарды анықтау мақсатында жүргізіледі [4]. Ал заңсыз сыйақы алу аталған қылмыс санаттарына жатпайды, ол тек қылмыстық теріс қылық және онша ауыр емес қылмыс болып табылады.

Осындай заңнамалық шектеулер тәжірибеде заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды толыққанды жүргізуге едәуір кері әсерін тигізіп келеді. Дегенмен, заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту арқылы бұл мәселелердің тиімді шешімін табуға болады. Яғни, жаза санкциясын күшейтетін болсақ, онда аталған дерек бойынша ЖТӨ мен АЖІШ жүргізуге, сондай-ақ дәлелдемелерді жинақтауды қолжетімді етуге мүмкіндік туады.

Келесі мәселеге көшер болсақ, заңсыз сыйақы алу мен пара алу қылмыстары ұқсас болғандықтан оларды бір-бірімен ұштастырып зерттеген орынды.

Шетел тәжірибесінде пара алғаны, пара бергені және паракорлыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылықтар бар. Дәл солай Қазақстанның

қылмыстық заңнамасында да пара алу, пара беру және парақорлыққа делдал болу қылмыстары жеке-жеке бап түрінде енгізілген. Ал заңсыз сыйақыға қатысты ҚР ҚК-нің 247-бабында тек заңсыз сыйақы алғаны үшін ғана жауаптылық бекітіліп, одан бөлек заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін ешбір жауаптылық қарастырылмаған.

Бұл азаматтардың жауаптылығы жағынан теңсіздік тудырады. Сондай-ақ, заңсыз сыйақы берген және оған делдал болған адамдарда жазаланбаушылық реакциясы пайда болады. Бұның салдары келешекте заңсыз іс-әрекеттің қайта жасалуына әкеп соғады.

Осы олқылықты қалпына келтіру мақсатында Қазақстанның қылмыстық заңнамасына заңсыз сыйақы алумен қатар заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін (ҚР ҚК-не жаңа баптар енгізу арқылы) қылмыстық жауаптылықты бекіту қажет.

Бұдан бөлек, заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды жетілдіру мақсатында қылмыстық заңнамамен қатар қылмыстық-процестік заңнамасын да жетілдіру маңызды іс болып табылады. Осы ретте, заңсыз сыйақы алу дерегімен тіркелген қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің тергеулігіне мән берген жөн.

Қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес, заңсыз сыйақы алу бойынша алдын ала тергеуді Ішкі істер органдары жүргізеді, ал пара алу бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет айналысады.

Өз кезегінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі пара алу қылмыс түрімен жұмыс жасауға өте жақсы дағдыланған. Тәжірибеде пара алу дерегін анықтау, жолын кесу, ашу, оны тергеп-тексеру анағұрлым белсенді және жоғары деңгейде жүргізіледі.

Аталған қылмыстардың құрылымы, қылмыс элементтері, тіпті жасалу жолдары да бір-біріне тәріздес болғандықтан заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша істерді анықтау, жолын кесу, ашу, оны тергеп-тексеру кезінде де пара алу қылмысына қарсы қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тәжірибелік қорды пайдалану тиімді болады.

Осыған байланысты, заңсыз сыйақы алумен байланысты қылмыстық істердің тергеулігін Ішкі істер органынан алып (не осы органмен қатар) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жүктеу мәселесін қарастыру қажет.

Тағы бір мәселе ретінде елімізде заңсыз сыйақы алуға қатысты сот тәжірибесі біршама ақсап тұрғанын және бұл қылмыстық іс-әрекетті жасағаны үшін айтарлықтай төмен жаза тағайындалатынын айтуға болады.

Бізбен жүргізілетін зерттеу тақырыбының шеңберінде жоғарыда көрсетілген өзекті мәселелерді қамти отырып, құқық қорғау органдарының заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл қызметімен байланысты мәселелерді зерделеу, соның ішінде заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту, заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылық енгізу және аталған дерек бойынша істердің

тергеулігін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жүктеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу көзделіп отыр.

Біздің ғылыми еңбек елімізде осы тақырыпта мемлекеттік тілде жазылған алғашқы зерттеулердің бірі болып табылмақ.

Зерттеудің мақсаты – заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту және заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл жөніндегі қылмыстық іс жүргізу қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді орындау көзделеді:

- заңсыз сыйақымен байланысты құқық бұзушылықтарға қатысты қылмыстық жауаптылық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының және жекелеген шет елдердің ғылыми-құқықтық әдебиеттерін зерделеу;

- заңсыз сыйақымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты Қазақстан Республикасының сот және тергеу практикасына талдау жүргізу;

- Заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл бойынша қылмыстық заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл бойынша қылмыстық іс жүргізу қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі – құқық қорғау органдарының заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі.

Зерттеу пәні – заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік нормалары.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеудің әдіснамалық базасы есебінде зерттеу барысында теория мен тәжірибенің, қарастырылып отырған құқықтық және қылмыстық-процестік құбылыстардың өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік беретін талдау, синтез, салыстыру, жалпылау сияқты жалпы ғылыми зерттеу әдістері, сондай-ақ статистикалық, құқықтық, динамикалық және басқа да әдістер қолданылды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Зерттеудің нормативтік базасы ретінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары және басқа да заңнамалар қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізін баспа басылымдарында және интернет желісінде орналасқан бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері құрады, соның ішінде С.М.Рахметовтың «О понятии бытовой коррупции», Т.А.Турдубековтың «Бытовая коррупция в сфере предоставления государственных услуг: причины, последствия и возможные пути искоренения», Е.О.Алаухановтың «Антикоррупционная правовая политика», И.Ш.Борчашвили, С.М.Рахметовтың «Проблемы противодействия

коррупции по уголовному законодательству Республики Казахстан», К.Ермагамбетовтың «Международно-правовой опыт борьбы с коррупционной преступностью», Қ.Ж.Қапсәлімов пен С.С.Қапсәлімованың «Сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресудегі шетелдік тәжірибе», Ю.В.Трунцевскийдің «Бытовая (повседневная) коррупция: понятие и социальное значение», Ли Куан Юдің «Из третьего мира - в первый. История Сингапура», А.В.Сухоносенконың «Отграничение получения взятки от коммерческого подкупа и получения незаконного вознаграждения», Д.А.Тороковтың «Антикоррупционное законодательство Сингапура», А.Манукян мен Т.Хаджиевтің «Антикоррупционная стратегия Сингапура: ориентация на результат», Н.Ю.Волосова мен О.В.Журкинаның «Уголовное право зарубежных стран», В.А.Шестактың «Особенности публичной службы в Германии» және т.б.

Аталған авторлардың еңбектері, сөзсіз, теориялық және тәжірибелік маңыздылыққа ие, сондықтан олардың ғылыми жұмыстарындағы ұсыныстар мен тұжырымдар қазіргі уақытта да өзектілігін сақтап отыр.

Сонымен қатар, зеттеудің эмпирикалық базасы ретінде Қазақстан Республикасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының электрондық порталынан алынған ақпараттар, Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервистерінен алынған сот актілері, сондай-ақ жекелеген істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылар пайдаланылды. Аталған эмпирикалық материалдар дәлелді және негізді қорытындылар жасауға және ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу кезеңдері заңсыз сыйақы алуға қатысты қылмыстық жауаптылық мәселелері бойынша отандық және шет елдердің ғылыми-құқықтық әдебиеттерін зерделеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сот-тергеу тәжірибесін талдауды қамтыды.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. Заңсыз сыйақы алу мемлекеттің экономикалық дамуына кері әсер етуін, қоғамға қауіптілік дәрежесі жоғары болса да оны жасағаны үшін жазаланушылық деңгейі төмен болуын назарға алып, мұндай қылмыстық әрекеттерді анықтау, ашу, жолын кесу және тергеу жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында:

- ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктерін қылмыстық теріс қылық санатынан ауырлығы орташа қылмыстар санатына;

- ҚР ҚК-нің 247-бабының 3-бөлігін онша ауыр емес санатынан ауыр қылмыстар санатына күшейту ұсынылады.

Аталған өзгерістерді енгізу заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша ЖТӘ мен АЖШ жүргізуге толық мүмкіндік береді және дәлелдемелік базаның жинақталуы мен құжаттандырылуын қамтамасыз етеді.

2. Азаматтардың жауаптылығы жағынан теңсіздік пен жазасыздық сезімін тудырмау, сондай-ақ мұндай заңсыз іс-әрекеттің алдын алу және келешекте қайта жасалуына жол бермеу мақсатында Қазақстанның қылмыстық

заңнамасына заңсыз сыйақы алумен қатар заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін жауаптылық бекіту.

Осы ретте, ҚР ҚК-не жаңадан баптар енгізу арқылы тиісті құқықтық нормалар әзірлеу көзделеді.

3. Заңсыз сыйақы алу бойынша анықтау, жолын кесу, ашу, оны тергеп-тексеру іс-шараларын анағұрлым белсенді және жоғары деңгейде жүргізу үшін қылмыстық-процестік заңнамаға ҚР ҚК-нің 247-бабы бойынша істердің тергеулігін Ішкі істер органынан алып (не осы органмен қатар) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жүктеу туралы өзгеріс енгізу ұсынылады.

Диссертацияда ұсынылған негізгі ережелер «Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақы алудың қылмыстық құқықтық сипаттамасы мен жағдайы» және «Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл мәселелері» атты ғылыми мақалаларда көрініс тапты.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша ережелерді практикалық қызметке енгізу қажеттігі прокуратура органымен жалпы жиналыста талқыланды және қолдау тапты (қосымша 1). Онда келтірілген ережелер мен ұсыныстар қылмыстық заңнамамен қатар қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл құралдарының спектрін кеңейту және сапасын арттыру үшін маңызды болуы ықтимал.

Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері Астана Халықаралық университеті Құқық жоғары мектебінің «Құқықтану» білім беру бағдарламасы аясында «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері» пәні бойынша оқу процесінде теориялық материал ретінде қолданылады (қосымша 2).

Болашақта аталған магистрлік диссертация осы мағыналас тақырыптарда зерттелетін мәселелер бойынша ғылыми жұмыстарға белгілі бір үлес қосады деп пайымдаймыз.

Бұл диссертациялық зерттеу арнайы заң пәндері кафедрасында орындалды. Оның құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, алты бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен және қосымшадан тұрады.

1. Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақы алудың қылмыстық құқықтық сипаттамасы мен жағдайы

1.1. Мемлекеттік және өзге де ұйымдардағы заңсыз сыйақы алудың ұғымы, оның қылмыстық құқықтық сипаттамасы мен ағымдағы жай-күйі

Заман талабына қарай бүгінгі күнделікті өмірде мемлекеттік және өзге де ұйымдардың өкілдері мен азаматтардың арасында өзара қарым-қатынас үздіксіз орын алып тұрады. Олардың арасындағы тығыз байланыс әсерінен заңсыз сыйақылық факторлары орын алу ықтималдылығы жоғары. Бұл келеңсіз әрекет экономиканың тұрақсыздануына, әлеуметтік шиеленістің өршуіне, адами дамудың нашарлануына, бәсекелестіктің төмендеуіне, тауарлар мен қызметтердің қымбаттауына және басқа да жағымсыз салдарға әкеп соғады. Әдетте, заңсыз сыйақы алу көріністері мемлекеттік (жоғары оқу орындары, мемлекеттік емханалар, мемлекеттік зерттеу орталықтары, халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – ХҚКО), т.б.) ұйымдармен қатар мемлекеттік емес (ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік салалар, т.б.) ұйымдарда да кең етек жайған.

Қазақстанда жоғары білім беру саласындағы заңсыз сыйақылық үлкен алаңдаушылық туғызады, өйткені бұл білім беру жүйесінің сапасы мен тиімділігіне едәуір нұқсан келтіреді, елдің болашағына балта шабады.

Социологиялық зерттеу (2022ж) мәліметтеріне сәйкес «Оқу орындарында сыбайлас жемқорлық (заңсыз сыйақылық) көріністерінің негізгі нысандары ретінде оқытушы студентке сессияны жабуға немесе бағаларды түзетуге көмек көрсету (29,9%), колледжге/жоғары оқу орнына түсу кезінде көмек көрсету (23,6%), емтихан/сессия тапсыру кезінде көмек көрсету (18,2%), сондай-ақ жатақханадан орын алу кезінде көмек көрсету (12,6%) түрінде айқындайды. Респонденттердің басым бөлігі (62,4%) білім беру мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлықтың (заңсыз сыйақылықтың) негізгі себебін оқытушылардың төмен жалақысынан көреді. Сыбайлас жемқорлық (заңсыз сыйақылық) себептері ретінде сауалнамаға қатысушылардың 13,9% баюға деген ұмтылысты атап өтті, әрбір оныншы жас адам құқықтық мәдениеттің төмен деңгейі (9,7%), сондай-ақ ұлттық дәстүрлер, менталитет (10,8%) деп санайды» [5].

Білім саласынан бөлек медицина саласында да заңсыз сыйақылық мәселесі өткір болып тұр. Пациенттер кейде жақсы немесе жылдам медициналық көмек алу үмітімен заңсыз сыйақы береді. Сол секілді, медицина мамандары да белгілі бір қызметтер үшін заңсыз сыйақы сұрауы немесе қабылдауы орын алып жатады.

Сонымен қатар, ұлттық компаниялар және олардың еншілес құрылымдары сияқты квазимемлекеттік ұйымдарда да заңсыз сыйақылық көріністері жиі кездеседі. Мұндай ұйымдар өз қызметтері мен операцияларын айтарлықтай дербес жүзеге асырады. Алайда, бұл олардың жұмысшылары заңды бұзуға құқылы дегенді білдірмейді. Керісінше, олар елдің барлық тиісті

заңнамалары мен ережелерін сақтаулары керек және мемлекет мүддесі үшін әрекет етулері тиіс.

Заңсыз сыйақы түріндегі мұндай келеңсіз жағдайлар мемлекеттің дамуына кері әсер ететін, әрі оның экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз.

Осы ғылыми еңбек аясында мемлекеттік және өзге де ұйымдардағы заңсыз сыйақы алудың ағымдағы жай-күйіне зерттеу жүргізу арқылы оның ұғымы мен қылмыстық құқықтық сипаттамасына шолу жасалынды.

И.Ш.Борчашвилидің пікірінше, «Заңсыз сыйақы деп қылмыстық жауапкершілік субъектілерінің ерекше тобы орындалған жұмысқа (көрсетілген қызметке) сәйкес келмейтін мөлшерде не белгіленген тәртіпті немесе оларды алуға тыйым салуды бұза отырып алатын материалдық игіліктер немесе мүліктік сипаттағы пайда деп түсінген жөн» [6, 483 б.].

А.Н.Ағыбаевтың айтуынша, «Заңсыз сыйақы деп мүліктік сипаттағы заңсыз пайданы (ақша, түрлі тауарлар, материалдық құндылықтар және тағы басқалар) түсіну керек, бұл ретте заңсыз сыйақының қашан алынғаны, яғни азамат үшін қажетті іс-әрекетті орындағанға дейін немесе кейін алынғаны маңызды емес» [7].

Заңсыз сыйақы алу Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 8-тарауы) қатарына жатады. Бұл заңсыз іс-әрекетті жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2, 3-бөліктерімен көзделген және ол мынадай мәтінде берілген:

«247-бап. Заңсыз сыйақы алу.

1. Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы –

сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет –

бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ірі мөлшерде сыйақы алумен байланысты не қорқытып алумен ұштасқан іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Егер сыйлықтың құны бес айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның өзінің міндетіне кіретін жұмыстарды бұрын орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде сыйлық ретінде материалдық сыйақы, жеңілдік немесе мүліктік сипаттағы қызметті алуы маңызы аз болуына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды және ол тәртіптік ретпен қудаланады» [2].

Қылмыс санатына қарай ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктері теріс қылық болып, ал 3-бөлігі онша ауыр емес қылмыс ретінде есептеледі.

Заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығының құрамы құрастырылуына байланысты формальды болып табылады. Яғни, қылмыстық іс-әрекет заңсыз сыйақының заты алынған сәттен бастап аяқталған деп саналады.

И.Ш.Борчашвилидің пікіріне сүйенер болсақ «Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігі – бұл азаматтардың мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және мемлекеттік емес ұйымдармен қарым-қатынасы тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге ішкі, тұрмыстық деңгейде де, әр түрлі санаттағы адамдар: мемлекеттік органдардың, оқу және емдеу мекемелерінің, кәсіпорындардың, жергілікті басқару органдарының қызметкерлері және тағы басқаларының тарапынан заңсыз алымдарды «заңдастыру» сияқты халық алдында қоғамдық сананы бұзудан тұрады» [6, 182 б.].

Жалпы, бір қылмысты екінші бір қылмыстан ажырату үшін олардың қылмыс құрамдарының белгілерін анықтап алу керек.

«Қылмыс құрамы деп қоғамға қауіпті әрекетті қылмыс ретінде сипаттайтын объективті және субъективті белгілердің жиынтығын айтады. Қылмыс құрамы элементтерден құралады. Қылмыс құрамының элементтері бұл – объект және объективті жағы, субъект және субъективті жағы. Егер осы элементтің біреуі болмаса қылмыс жасалды деп айта алмаймыз» [8].

Осы орайда, заңсыз сыйақы алудың қылмыс құрамының элементтерін анықтау үшін И.Ш.Борчашвили, А.Н.Ағыбаев, С.М.Рахметов, И.И.Рогов, Қ.С.Қарбеков, Н.Ш.Жемпиисов секілді отандық ғалымдардың әр жылдары ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігіне, соның ішінде заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығына қатысты жазған түсіндірмелері зерделенді. Оның барысында аталған ғалымдардың көзқарастары мәндес екені байқалды және олардың түсіндірмелерінен жалпы төмендегідей түсініктер қалыптасты.

«Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жүйесінің қалыпты жұмысы болып табылады» [6, 482 б.].

«Қылмыстың объективті жағы мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері шеңберіне кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуымен сипатталады» [2, 6, 482-483 б.].

Ескере кетер жайт, 1997 жылғы Қылмыстық кодексте заңсыз сыйақы алудың объективтік жағы міндетті түрде қорқытып алу тәсілімен ұштасатын. Егер қорқыту (бопсалау) болмаса, онда қылмыс құрамы толық болмайтын. Ал қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодексте заңсыз сыйақыны қорқыту тәсілімен алу аталған қылмыстың объективті жағының міндетті белгісі емес. Енді ол қылмыстың тек саралау белгісі ретінде ҚР ҚК 247-бабының 3-бөлігімен қарастырылады. Демек, қазіргі кодекске сай заңсыз сыйақы алу оны берушінің бастамасы бойынша жасалса қылмыстық жазаланатын әрекет болып есептеледі.

Заңсыз сыйақы алу мемлекеттік және өзге де ұйымдарда орын алуы мүмкін. «Сыйақы алуға негіз болған атқарылған жұмыс немесе көрсетілген қызмет сыйақы алушының жарғыларда, нұсқауларда, ережелерде, еңбек шарттарында көрсетілген қызметтік міндеттерінің шегінде болуы керек. Бұл жағдайда жұмыскердің өз міндетін тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша атқарғандығының маңызы жоқ» [9, 396 б.].

Сондай-ақ, айыптының жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін сыйақыны жәбірленуші үшін қажетті жұмыстың немесе қызмет көрсетудің орындалуына дейін немесе одан кейін алғандықтың маңызы жоқ [9, 395 б.]. Бұл ретте, заңсыз сыйақыны алған сәттен бастап қылмыс аяқталған болып танылады.

«Қылмыстың субъективті жағынан заңсыз сыйақы алу тікелей ниетпен жасалады. Адам өзінің міндеттерінің шеңберіне кіретін жұмысты орындағаны немесе қызмет көрсеткені үшін мүліктік сипаттағы материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе қызметтерді заңсыз алатынын түсінеді, оның салдарының туындау мүмкіндігін немесе сөзсіз болуын болжайды және оны қалайды» [6, 483 б.].

Қылмыстың субъектісі он алты жасқа толған, мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскері болып танылады [2].

А.Н.Ағыбаев бұл қылмыстың субъектісін былай түсіндіреді: «Қаралып отырған қылмыстың субъектілері мемлекеттік функцияларды орындауға

уәкілеттік берілген немесе оған теңестірілген адамдар болып табылмайтын сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық, коммуналдық, медициналық, көліктік немесе халыққа өзге де қызмет көрсету саласындағы қызметкерлер, сол сияқты басқару функцияларын орындамайтын мемлекеттік емес ұйымның қызметкерлері болып табылады» [7].

Десек те, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісіне қатысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен нақты және толық анықтама берілген. Оған сәйкес, «Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскері ҚР ҚК-нің 247-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып табылады» [10]. «Бұл ретте жұмыскер өзінің міндеттерін тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша жұмыс уақытында немесе өзге уақытта орындаған-орындамағаны маңызды емес» [10].

ҚР ҚК-нің 247-бабының 2-бөлігінде заңсыз сыйақы алуды бірнеше рет жасаған әрекет көрсетілген.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады [**Error! Unknown switch argument.**].

ҚР ҚК-нің 247-бабының 3-бөлігінде саралау белгілері сыйақыны ірі мөлшерде немесе қорқытып алумен сипатталады.

Қылмыстық заңнамаға сай заңсыз сыйақы алу ірі мөлшерде деп саралану үшін оның мөлшері үш жүз айлық есептік көрсеткіштен асуы керек.

Өз кезегінде, іс-әрекетті қорқытып алу деп саралау үшін қорқытудың нақты түрін анықтап алған жөн.

Қ.С.Қарбековтың түсіндірмесі бойынша, «Қорқытып алу дегеніміз – субъектінің сыйақы беру немесе жеңілдік жасау не қызмет көрсету жайындағы талапты тікелей қоюы ғана емес, сыйақы төлеуге немесе жеңілдік жасауға не қызмет көрсетуге клиентті мәжбүр ететін жағдай тудыруы да». Қорқытып алу, сонымен қатар, заңсыз сыйақы алу үшін қандай да бір кедергіні әдейі жасаумен немесе оны себеп етумен, жұмысты орындаудан немесе қызмет көрсетуден тіке бас тартумен немесе әдейі кешіктірумен де сипатталады [9, 396 б.].

В.В.Аванесянның ойынша да, «Адамды заңсыз сыйақы беруге мәжбүрлейтін жағдайларға қасақана қою арқылы заңсыз сыйақыны қорқытып алу деп, атап айтқанда, халыққа қызмет көрсету саласы қызметкерінің бекітілген тәртіппен және белгіленген мерзімдерде жұмыстарды орындауға немесе қызмет көрсетуге кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауы не жүктелген қызметтік міндеттерді орындаудан негізсіз бас тартуы деп түсініледі» [11].

«Кінәлі адамның қалаған мақсатына жеткеніне не жетпегеніне, талап еткен мүлкін, мүлкін иелену құқықтарын алғанына не алмағанына немесе жәбірленушінің мүліктік сипаттағы әрекеттерді жасауға қол жеткізгеніне

қарамастан жәбірленушіге қорқыту арқылы мүліктік талаптар қойылған сәтте қорқытып алушылық аяқталған болып есептеледі» [12].

Демек, егер заңсыз сыйақы талап етуші тарап оны берушіні мұндай сыйақы беруге мәжбүр болатын жағдайға әдейі қойған болса, онда бұл әрекет заңсыз сыйақыны қорқытып алу болып есептеледі. Ондай жағдайларға сыйақы талап етуші тұлға өз қызметіне кіретін жұмысты әдейі орындамауы немесе қасақана кейінге кідіртуі секілді әрекеттер жатады.

Одан әрі, ғылыми еңбектің осы бөлімінің аясында бір мезгілде «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» ұғымына қатысты көзқарастар зерделенді.

Соңғы уақытта «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» туралы сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы бағытталған құжаттарда, ел басшыларының сөйлеген сөздерінде жиі айтылып жүр. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасында (бұдан әрі – Тұжырымдама) былай делінген «Азаматтар мен кәсіпкерлердің күнделікті өмірде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауына байланысты «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық іс жүзінде көптеген салаларда сақталып отыр» [13].

Айта кетер жайт, біздің қоғамда заңсыз сыйақы алу әрекеттерін парақорлықпен бірге «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» қатарына жатқызып, оны сыбайлас жемқорлық деп қабылдап жатады.

Оның бір көрінісі, Тұжырымдамада атап өткендей: «Транспаренци Қазақстан» қоғамдық қоры жүргізген «2020 жылғы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі» әлеуметтанушылық зерттеуінің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тұрғысынан сезімтал органдар мен мекемелердің тізбесі жылдан-жылға іс жүзінде өзгермейді: мемлекеттік емханалар мен ауруханалар, полиция, жер қатынастары басқармалары, ХҚКО-лар, мемлекеттік балабақшалар мен жоғары оқу орындары» [13]. Алайда, бұл тізімде айтылған мемлекеттік емханалар мен ауруханалардың, жоғары оқу орындарының, ХҚКО-лардың жұмыскерлері (басшы лауазымынан басқа) сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыс жасаған болып есептеле бермейді, олардың әрекеттері заңсыз сыйақы алу болып сараланады.

Осы тұста, отандық заңнамаға сәйкес заңсыз сыйақы алу іс жүзінде сыбайлас жемқорлық, оның ішінде «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» болып табылады ма, әлде жоқ па, осы мәселені зерделеп көрейік.

С.М.Рахметов тұрмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығына қатысты мынадай анықтама беруді ұсынған: «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – бұл 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы б) тармағында көзделген сыбайлас жемқорлық белгілері бар, тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын және ол үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қайшы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)» [14].

Ал аталған Заңға сәйкес «Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» деп көрсетілген [15].

Сонымен қатар, С.М.Рахметов мынадай түсінік жазған: «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың бір түрі...» [14].

«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)» [15].

ҚР ҚК-нің 3-бабы 29-тармағына сәйкес «Сыбайлас жемқорлық қылмыстар – ҚР ҚК-нің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 218-1 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер» [2].

Көріп тұрғанымыздай, бұл жерде сыбайлас жемқорлық деп есептелетін қылмыстық құқық бұзушылықтардың толық тізімі көрсетілген, алайда оның қатарына ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2, 3-бөліктерінде көрсетілген іс-әрекеттер енгізілмеген.

Демек, жоғарыдағы талдау бойынша заңсыз сыйақы алу іс-әрекеті «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» болып саналмайды деп түйіндейміз, себебі оның субъектілері сыбайлас жемқорлық субъектісіне жатпайды.

1.2. Заңсыз сыйақы алу мен пара алу қылмыс құрамы белгілерінің ерекшеліктері және тәжірибеде оларға дұрыс құқықтық баға беру мәселесі

Қазақстанда азаматтардың көпшілігі заңсыз сыйақы алу көріністерін пара алу бабымен ұштастырып, олардың айырмашылығы мен ерекшеліктеріне аса мән бермейді.

Аталған қылмыс түрлерін қарапайым халық түгілі, осы баптармен тергеу жүргізетін құқық қорғау органдарының қызметкерлері де дұрыс саралай алмайтын жағдайлар кездеседі.

Сол себепті, кінәлі адамның іс-әрекетін дұрыс саралау үшін ең бастысы қылмыс құрамдарының белгілеріне аса мән беріп, олардың ара-жігіне мұқият талдау жасау қажет.

Осы орайда, отандық құқықтық нормативтік актілер мен ғылыми әдебиеттер зерттелініп, ҚР ҚК 247-бабында көзделген «заңсыз сыйақы алу» және ҚР ҚК 366-бабында көрсетілген «пара алу» қылмыстарының құрамдарына мұқият салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді. Оның барысында аталған қылмыс құрамдарының ортақ ұқсас қырлары болғанымен, оларды бір-бірінен ажыратуға болатын жалпы және ерекше белгілері де бар екені байқалды.

Сонымен, пара алуды заңсыз сыйақы алудан ерекшелендіретін негізгі белгілердің бірі олардың жалпы объектісі болып табылады.

Пара алудың жалпы объектісі – мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқарудың заңды мүдделерін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар. Ал заңсыз сыйақы алудың жалпы объектісі экономикалық қызметті қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар. Бұл өз кезегінде аталған қылмыстардың ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінің әртүрлі тарауларында орналасуына себеп болып отыр. Дәлірек айтқанда, заңсыз сыйақы алу ҚР ҚК-нің 8-тарауында, ал пара алу 15-тарауында орналасқан.

Аталған қылмыстардың тағы бір ерекшелігі – олардың тікелей объектісі. Мәселен, пара алудың тікелей объектісі мемлекеттік аппараттың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік мекемелердің құрылуын, қалыпты қызметін және олардың беделін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады. Заңсыз сыйақы алудың тікелей объектісі – мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жүйесінің қалыпты жұмысы болып табылады.

Қарастырылып отырған қылмыс құрамдарында қылмыс заты бір-біріне ұқсас. Бұл ретте, екі қылмыстың құрамында да мүліктік сипат көрсетілген.

Заңсыз сыйақы алу мен пара алудың объективті жақтары да өзара ұқсас, екеуінде де заңсыз түрде мүліктік сипаттағы пайда алу көзделеді. Дегенмен, олардың белгілі бір айқын айырмашылықтары да көзге түсті. Атап айтқанда, сыйақы талап еткен адам өз күзіретіне кіретін жұмысты орындаумен шектеледі. Ал пара алатын адам тек өз міндетіне кіретін жұмысты орындаумен қатар, лауазымдық жағдайына қарай ондай жұмысты орындатуға ықпал жасай алады. Сондай-ақ, жалпы қамқорлық және жол берушілік жасағаны үшін де пара алған болып танылады. Бұл заңсыз сыйақы алуға қарағанда пара алу нормасының қолданылу аясы кең екенін көрсетеді. Оған қоса, заңсыз сыйақы алу диспозициясында мүліктік сипаттағы затты делдал арқылы алу қарастырылмаған, ал пара алуда мұндай әрекет бекітілген. Сол секілді, ҚР ҚК-нің 366-бабының 3-бөлігінде адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалатын саралау белгісі көрсетілген, ал заңсыз сыйақы алудың мұндай саралау белгісі жоқ.

Конструкциясы бойынша жоғарыда аталған қылмыстардың негізгі құрамдары формальды болып табылады.

Заңсыз сыйақы алудың да, пара алудың да субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады. Бұл дегеніміз, адам қылмыс жасау кезінде өзі жасаған әрекеттің заңсыздығын түсініп, оны жасағысы келгенін білдіреді.

Қарастырылып отырған қылмыстардың негізгі ерекшелігі – олардың арнайы субъектілері. Пара алудың субъектісі «Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам не лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы...» [2]. Заңсыз сыйақы алудың субъектісі «Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскері...» [2]. Бұл қылмыс түрлерінің арнайы субъектілерінің ерекшеліктеріне қарай олардың қылмыс санаттары, жазаланушылық дәрежелері және сыбайлас жемқорлық қылмыс қатарына жататыны не жатпайтыны айқындалады.

Дәлірек айтар болсақ, «Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» [15].

«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)» [15].

Қылмыстық заңнамада көрсетілген сыбайлас жемқорлық санатындағы баптардың қатарына ҚР ҚК-нің 247-бабы кірмейді.

Өздеріне тән ерекшеліктері бойынша заңсыз сыйақы алу экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтар тізімінен орын алған, ал пара алу сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыстар болып табылады. Сәйкесінше, бұлардың жазалау санкциялары да әр түрлі. Заңсыз сыйақы алған жағдайда ең ауыр жаза 2 жыл ғана бас бостандығынан айыру белгіленсе, пара алған жағдайда ең ауыр жаза 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Осы тұрғыда, құқық қорғау органдарының қызметкерлері пара алу мен заңсыз сыйақы алуды бір-бірінен ажырата алмай, соның салдарынан адамдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен бостандықтарына елеулі зиян келіп жатқан жағдайлар бар.

Мәселен, «Байқоңыр ауданы №2 соты заңсыз сыйақы алу фактісі бойынша жол және құрылыс Департаментінің директоры «Т»-ға қатысты айыптау үкімін шығарды.

Тағылған айып:

Тергеу барысында сотталушы «Т» өзінің қызметін жүзеге асыру барысында танысы «Ш»-ны жол дистанциясының басшысы лауазымына тағайындау туралы өтініш білдірген және кейіннен оған жалпы қамқорлығын көрсетуді жалғастырған деген айып тағылған.

2018 жылғы тамыз бен 30 қазан аралығында «Т» жалпы қамқорлығы және қызмет бабында соңғысының мүддесінде бетімен кеткені үшін «Ш»-дан 5 300 000 теңге жалпы сомасында айтарлықтай мөлшерде жеке өзіне пара алған (ҚК 366-бабы 2-бөлігі).

Сонымен қатар, «Т» 2020 жылдың ақпан айынан бастап 2021 жылдың мамыр айына дейін Нұр-Сұлтан қаласында куратор және тікелей бастық бола отырып, 7 бағыныштыдан жалпы сомасы 1 538 000 теңгеге заңсыз ақша жинау түрінде өзінің қызметтік өкілеттігін асыра пайдаланып, кейіннен оны өз қалауы бойынша пайдаланған.

Дәлелдемелерді зерттеу нәтижелері:

«Т» сыбайлас жемқорлық қылмыс субъектісіне жатпайды, өйткені ол мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам емес.

Сотта «Т»-ның бірнеше рет ірі мөлшерде заңсыз сыйақы алғаны дәлелденген, сондықтан оның әрекеттері Қылмыстық кодекстің 247-бабының 3-бөлігіне қайта сараланды.

Соттың жазалау туралы шешімі:

Сот «Т»-ны бірнеше рет жасалған ірі мөлшерде заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп таныды және оған 1 жылға бас бостандығынан айыружазасы тағайындалды» [16].

Демек, құқық қорғау органдары тарапынан пара алу және заңсыз сыйақы алу қылмыстарын саралау кезінде қателіктер орын алған жағдайда, оның салдары кінәлі адамның заңмен қорғалатын мүдделеріне айтарлықтай зиян тигізері сөзсіз. Сондықтан, бұндай жағдайларға жол бермеу мақсатында құқық қорғау органдары қызметкерлеріне пара алу мен заңсыз сыйақы алу қылмыстарының қылмыстық элементтерін ажырата білу тұрғысында кәсіби шеберлікпен қарау ұсынылады.

1.3. Кейбір шетел мемлекеттерінің заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша тәжірибелері

Баршаға мәлім, отандық заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың көбісі шетел тәжірибелерінен келеді. Осы ретте, заңсыз сыйақы алуға тақылеттес қылмыстар бойынша құқықтық және салыстырмалы талдау жүргізу үшін кейбір жақын және алыс шетел мемлекеттерінің тәжірибелері зерттелді.

Біздің елде қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар

болып бөлінеді [2]. Шетел мемлекеттерінің көбінде қылмыстық теріс қылық деген ұғым қарастырылмаған.

«Айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» [2]. «Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекетт (әрекет не әрекетсіздік) танылады» [2].

Сондай-ақ, біздің елде қылмыстық құқық бұзушылықтарды ауырлығы тұрғысынан келесі түрлерге бөлеміз:

« - онша ауыр емес қылмыстар (жасалғаны үшін ҚК ҚК-де көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін ҚК ҚК-де көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер)» [2];

« - ауырлығы орташа қылмыстар (жасалғаны үшін ҚК ҚК-де көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер)» [2];

« - ауыр қылмыстар (жасалғаны үшін ҚК ҚК-де көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер)» [2];

« - аса ауыр қылмыстар (жасалғаны үшін ҚК ҚК-де он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер)» [2].

Бұл ретте, қылмыстың ауырлығы белгілі бір баптың санкциясында көзделген ең ауыр жаза түрімен айқындалады. Заңсыз сыйақы алғаны үшін мынадай жазалау санкциялары бекітілген:

- ҚР ҚК-нің 247-бабы 1-бөлігі бойынша: «сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады» [2];

- ҚР ҚК-нің 247-бабы 2-бөлігі бойынша: «бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады» [2];

- ҚР ҚК-нің 247-бабы 3-бөлігі бойынша: «мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [2].

Көріп отырғанымыздай, заңсыз сыйақы алғаны үшін ең ауыр жаза 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Осыған байланысты, аталған баптың 1, 2-бөліктері – қылмыстық теріс қылық, 3-бөлігі – онша ауыр емес қылмыс болып табылады.

Енді мұндай жазалау дәрежесін қолдану қаншалықты ауыр не жеңіл екендігін салыстырмалы түрде анықтау үшін осы тектес қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша Армения Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Беларусь Республикасы және Украина секілді жақын шетел мемлекеттерінің тәжірибелері зерттеу нысанына алынды. Оларды зерттеу барысында келесі мән-жайлар анықталды:

2003 жылғы 18 сәуірдегі № 528-N Армения Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – АР ҚК) 311.1-бабы бойынша лауазымды тұлға болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің заңсыз сыйақы алуы қарастырылған. Ол келесідей мәтінде берілген:

«311.1-бап. Лауазымды тұлға болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің заңсыз сыйақы алуы

1. Лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің заңсыз сыйақы алуы, яғни лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің өзі үшін немесе басқа тұлға үшін өзі немесе делдал арқылы ақшаны, мүлікті, мүлікке құқықты, бағалы қағаздарды немесе жасағаны немесе жасамағаны үшін қандай да бір артықшылықты алуы туралы уәдені не ұсынысты алуы немесе талап етуі немесе қабылдауы мемлекеттік қызметшінің өз өкілеттігі шегінде сыйақы берушінің немесе ол ұсынатын адамның пайдасына қандай да бір іс-әрекет жасауы, не өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, осындай іс-әрекетті жасауға немесе жасамауға жәрдемдескені үшін, не қызмет бойынша қамқоршылық немесе көтермелеу үшін –

ең төменгі жалақының екі жүз еселенген мөлшерінен төрт жүз еселенген мөлшеріне дейін айыппұл салуға не ең көп дегенде үш жыл мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға не үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің көрінеу заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін сыйақы берушінің немесе ол өкілдік ететін адамның пайдасына заңсыз сыйақы алуы –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол әрекет:

1) бопсалаумен;

2) ірі мөлшерде;

3) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы, —

4) (тармақ 2011 жылғы 23 мамырдағы НО-143-Н сәйкес күшін жойды)

төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші немесе үшінші бөлігінде көзделген, жасалған іс-әрекеттер:

1) ұйымдасқан топ;

2) аса ірі мөлшерде, —

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [17].

Армения Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес жоғарыда көрсетілген бап бойынша қылмыс субъектісі – «лауазымды тұлға болып табылмайтын мемлекеттік қызметші» [17]. Мұндай қылмыс жасағаны үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Оған қоса, аталған баптың барлық бөлігі бойынша бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

Арменияда қылмыстық теріс қылық ұғымы енгізілмеген. Қылмыстар қоғамдық қауіптіліктің сипаты мен дәрежесіне қарай ауырлығы төмен, ауырлығы орташа, ауыр, аса ауыр болып жіктеледі. Қылмыстың ауырлығы жазаның ең жоғары мерзімімен айқындалады. Бұл қылмыстың ауырлығы жағынан айырмашылығы АР ҚК-нің 19-бабында көрсетілген. Сәйкесінше, АР ҚК-нің 311.1-бабы 1, 2-бөліктері ауырлығы орташа, ал 3, 4-бөліктері ауыр қылмыстар санатына жатады.

Демек, Қазақстан Республикасына қарағанда Армения Республикасында заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстар үшін анағұрлым қатаң жауаптылық бекітілген.

1998 жылғы 21 мамырдағы № 574 Тәжікстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ТР ҚК) 324-бабында қорқытып алу арқылы сыйақы алу көрсетілген. Ол келесідей мәтінде берілген:

«324-бап. Қорқытып алу арқылы сыйақы алу

1. Қорқытып алу жолымен сыйақы алу, яғни меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органның лауазымды адамы болып табылмайтын қызметші, кәсіпорын тарапынан осы қызметкердің қызметтік міндеттерінің шеңберіне кіретін белгілі бір жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақы немесе мүлкілік пайда талап ету, сол сияқты азаматты осы қызметкердің қызметтік міндеттерінің шеңберіне кіретін жағдайларда қасақана ауыстырғаны үшін сыйақы құқық бұзушылықтың және

заңмен қорғалатын мүдделердің алдын алу мақсатында оны осы сыйақымен қамтамасыз етуге мәжбүр ету, –

есеп айырысу үшін бес жүзден бір мыңға дейінгі көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Жасалған сол әрекет:

а) қайта;

б) ірі мөлшерде, –

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [18].

Тәжікстанның қылмыстық заңнамасына сәйкес жоғарыда көрсетілген бап бойынша қылмыс субъектісі – мемлекеттік органның лауазымды адамы болып табылмайтын қызметшісі танылады. Мұндай қылмыс жасағаны үшін 5 жылға дейінбас бостандығынан айыру көзделген. Оған қоса, аталған баптың барлық бөлігі бойынша бас бостандығынан айыру жазасы қаралған.

ТР ҚК-де көзделген іс-әрекеттер қоғамдық қауіптіліктің сипаты мен дәрежесіне қарай ауырлығы төмен, ауырлығы орташа, ауыр, аса ауыр болып бөлінеді. Қылмыстың ауырлығын ескере келе, ТР ҚК-нің 324-бабы 1-бөлігі онша ауыр емес, ал 2-бөлігі ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады. Бұл елде қылмыстық теріс қылық туралы ұғым енгізілмеген.

Байқап отырғанымыздай, Қазақстан Республикасына қарағанда Тәжікстан Республикасында заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін анағұрлым қатаң қылмыстық жауаптылық бекітілген.

2001 жылғы 5 сәуірдегі № 2341-III Украинаның Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – УҚК) 354-бабы бойынша кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның қызметкеріне пара беру көрсетілген. Аталған баптың мәтіні келесідей:

«354-бап. Кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның қызметкеріне пара беру

1. Лауазымды тұлға болып табылмайтын кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның қызметкеріне немесе кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның пайдасына жұмыс істейтін адамға оған немесе үшінші тұлғаға заңсыз пайда беру, сондай-ақ қызметкердің өзі атқаратын ережені пайдалана отырып, қандай да бір іс-әрекет жасағаны немесе жасамағаны үшін осындай пайда беру туралы ұсыныс немесе уәде беру-

жүзден екі жүз елуге дейін айыппұл салуға немесе жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға немесе бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобы қайталап немесе алдын ала сөз байласып жасаған сол әрекеттер, -

екі жүз елуден бес жүзге дейін айыппұл салуға немесе жүзден екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады...» [19].

Жоғарыда көрсетілген бап бойынша кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның лауазымды тұлға болып табылмайтын қызметкеріне немесе кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның пайдасына жұмыс істейтін адам қылмыс субъектісі болып танылады. Мұндай қылмыс жасағаны үшін 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Оған қоса, аталған баптың барлық бөлігі бойынша бас бостандығынан айыру жазасы қаралған.

УҚК-нің 12-бабына сай қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық теріс қылық және қылмыс болып екіге бөлінеді. Осы жағынан Қазақстанның қылмыстық заңнамасына ұқсас келеді. Қылмыстар ауыр емес, ауыр, аса ауыр болып жіктеледі. Бұл ретте, ауыр емес қылмыстар болып 5 жылдан аспайтын уақытқа бас бостандығынан айыру көзделген іс-әрекеттер танылады. Бұны Украина қылмыстық заңнамасының бірден бір ерекшелігі деуге болады. Сол себепті, УҚК-нің 354-бабы 1, 2, 3, 4-бөліктері ауыр емес қылмыстар болып есептеледі. Бірақ, Қазақстанның заңнамасымен салыстырар болсақ, аталған қылмыс онша ауыр емес (УҚК-нің 354-бабы 1, 3-бөліктері) және ауырлығы орташа (УҚК-нің 354-бабы 2, 4-бөліктері) қылмыстар санатына жатқызылған болар еді.

Бұл ретте де, Қазақстан Республикасына қарағанда Украинада заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қатаң қылмыстық жауаптылық көзделген.

2021 жылғы 28 қазандағы № 127 Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – Қырғыз Республикасы ҚК) 251-бабы бойынша қызметкерлерге сыйақыны заңсыз алу қарастырылған. Ол келесідей мәтінде берілген:

«251-бап. Қызметкерлерге сыйақыны заңсыз алу

1. Мемлекеттік органның, муниципалдық қызметтің, мемлекеттік және муниципалдық мекеменің лауазымды адамы болып табылмайтын қызметшінің пара беруші адамның мүддесі үшін өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасауға тиіс немесе жасай алатын белгілі бір әрекетті орындағаны немесе орындамағаны үшін айтарлықтай мөлшерде ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер түріндегі сыйақыны заңсыз алуы, –

500-ден 1000 есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға немесе жүзден үш жүз сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға немесе бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

1) ірі мөлшерде;
 2) адамдар тобымен;
 3) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы, –
 үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға немесе 1000-нан 2000-ға дейін есептік көрсеткішке айыппұл салуға жазаланады.

3. Осы баптың 1 немесе 2-бөліктерінде көзделген, аса ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер, –

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [20].

Жоғарыда көрсетілген бап бойынша мемлекеттік органның, муниципалдық қызметтің, мемлекеттік және муниципалдық мекеменің лауазымды адамы болып табылмайтын қызметкер аталған қылмыстың субъектісі деп танылады. Мұндай қылмыс жасағаны үшін 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Оған қоса, аталған баптың барлық бөлігі бойынша бас бостандығынан айыру жазасы бар.

Қырғызстанда қылмыстық теріс қылық ұғымы енгізілмеген. Өз кезегінде, аталған елде қылмыстар ауырлығына қарай онша ауыр емес, ауырлығы төмен, ауыр, аса ауыр болып бөлінеді. Бұл ретте, қылмыс санаттарының айырмашылығы Қырғыз Республикасы ҚК-нің 19-бабында көрсетілген. Сәйкесінше, Қырғыз Республикасы ҚК-нің 251-бабы 1-2-бөліктері ауырлығы төмен қылмыстар, ал 3-бөлігі ауыр қылмыстар санатына жатады.

Демек, Қазақстан Республикасына қарағанда Қырғыз Республикасында заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін анағұрлым қатаң қылмыстық жауаптылық бекітілген.

1999 жылғы 9 шілдедегі № 275-З Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – БР ҚК) 433-бабы бойынша заңсыз сыйақы алу қарастырылған. Ол келесідей мәтінде берілген:

«433-бап. Заңсыз сыйақы

1. Мемлекеттік органның не лауазымды адам болып табылмайтын өзге де мемлекеттік ұйымның қызметкерінің өзіне қызметтік өкілеттігі (Еңбек міндеттері) шегінде жасаған әрекеті (әрекетсіздігі) үшін осындай мүлікті немесе мүліктік сипаттағы басқа да пайданы беретін адамның пайдасына не оның шеңберіне кіретін орындалатын жұмысы үшін берілетін мүлікті немесе мүліктік сипаттағы басқа да пайданы қабылдауы қызметтік (Еңбек) міндеттері, Беларусь Республикасының заңнамасында көзделген еңбекақыдан басқа (заңсыз сыйақы қабылдау) не осындай сыйақы беру –

айыппұл салуға немесе белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе айыппұлмен немесе айыппұлсыз үш жылға дейінгі мерзімге қамауға алуға немесе бас бостандығын шектеуге немесе айыппұлмен немесе айыппұлсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Алдын ала сөз байласу арқылы не ірі мөлшерде адамдар тобы қайталап жасаған сол әрекеттер, сол сияқты бопсалау жолымен жасалған заңсыз сыйақыны қабылдау, –

айыппұлмен немесе айыппұлсыз және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен немесе айыппұлмен немесе айыппұлсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен немесе бас бостандығынан айырумен және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен немесе айыппұлсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3. Осы баптың 1 немесе 2-бөліктерінде көзделген аса ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер, –

үш жылдан сегіз жылға дейін айыппұлмен немесе айыппұлсыз бас бостандығынан айыруға және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен немесе айырыусыз жазаланады» [21].

Беларусь Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес жоғарыда көрсетілген бап бойынша қылмыс субъектісі – мемлекеттік органның не лауазымды адам болып табылмайтын өзге де мемлекеттік ұйымның қызметкері танылады. Мұндай қылмыс жасағаны үшін 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Оған қоса, аталған баптың барлық бөлігі бойынша бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

Беларусь елінде де қылмыстық теріс қылық ұғымы енгізілмеген. Өз кезегінде, қылмыстар үлкен қоғамдық қауіп төндірмейтін, онша ауыр емес, ауыр, аса ауыр болып жіктеледі. Бұл ретте, қылмыс санаттарының айырмашылығы БР ҚК-нің 12-бабында көрсетілген. Сәйкесінше, БР ҚК-нің 433-бабы 3-бөлігі ауырлық дәрежесіне қарай ауыр қылмыстар, ал 1, 2-бөліктері онша ауыр емес қылмыс болып есептеледі. Айта кетер жайт, бұл елде ауырлығы орташа деген қылмыс санаты қарастырылмаған, егер Қазақстанның заңнамасымен салыстырар болсақ, БР ҚК-нің 433-бабы 1, 2-бөліктері ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатқызылған болар еді.

Демек, Қазақстан Республикасына қарағанда Беларусь Республикасында заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін анағұрлым қатаң қылмыстық жауаптылық бекітілген.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижесінде заңсыз сыйақы алудың ауырлық дәрежесін, сондай-ақ жақын шетел мемлекеттерінің тәжірибелерін ескере отырып, біздің елімізде де заңсыз сыйақы алғаны үшін жаза мөлшерін күшейту қажет деп пайымдаймыз.

Бұдан бөлек, осы ғылыми еңбек аясында Сингапур, Германия, Франция, Швеция, АҚШ секілді дамыған шетел мемлекеттерінің де заңсыз сыйақы алумен байланысты тәжірибелері зерттелді. Алайда олардың тәжірибелерін Қазақстанның тәжірибесімен толыққанды салыстырып зерттеуге мүмкіндік шектелген. Себебі, әлемнің көптеген дамыған елдерінің қылмыстық заңнамасында заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық

бұзушылықтар біздің елдегідей жеке дара қылмыс бабы ретінде қарастырылмайтыны белгілі болды. Ондай елдерде заңсыз сыйақы алуды пара алу қылмысынан бөліп жармай, әдетте жалпы парақорлық қылмысы ретінде бірге қарастырады. Олардың субъектілеріне мемлекеттік сектордың қызметкерлерімен қоса жеке сектордың да жұмысшылары жатады.

Атап айтқанда, «Сингапур елінің заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарының (соның ішінде пара алу) субъектісі тек мемлекеттік қызметкер ғана емес, сонымен қатар сату агенті, менеджер, менеджер әкімшісі немесе мемлекеттік құрылымдарға кірмейтін басқа адам болып табылады» [22]. Тиісінше, бұл елдің заңнамасында заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылық түрі жекешеленбеген, олар парақорлық қылмысының құрамдас бөлігі ретінде енгізілген.

«Сингапур мемлекетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үздіксіз жүргізілуде, бұған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін мамандандырылған органның – Сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу бюросының болуы дәлел (1952 жылы құрылған)... Бұл тәуелсіз орган Сингапур экономикасының мемлекеттік және жеке секторындағы сыбайлас жемқорлық жағдайларын зерттейді және алдын алуға тырысады... Аталған Бюро қызметінің бірі – қоғамдық және жеке салалардағы сыбайлас жемқорлық айыптары бар шағымдарды тексеру болып табылады» [23]. «Сингапурда пара алғаны үшін 5 жылға, ерекше жағдайларда 7 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін» [24].

Сонымен қатар, Германия мемлекетінде де сыбайлас жемқорлық қылмыс субъектілерінің шеңбері мемлекеттік қызметшілермен ғана шектелмейді, ол жақта парақорлық субъектісіне жария қызметшілер кіреді.

«Жария қызметшілер 4 деңгейге бөлінеді:

- нем. «Einfacher Dienst» - қарапайым қызмет. Бұл кеден қызметкері, сот орындаушысы, теңізші, ұшқыш, мичман және т. б.;

- нем. «Mittlerer Dienst» — ортақызмет. Бұл брандмастер, тәртіпсақшысы, полиция қызметкері, Жоғары Сот орындаушысы, штаб-капитан, теңізкурсанты, ағасержант және т. б.;

- нем. «Gehobener Dienst» — жауапты/жоғары деңгейлік қызмет. Бұл мұғалім, адвокат, капитан, қылмыстық іздестіру инспекторы, полиция комиссары, лейтенанттар, теңіз офицерлері және т. б.;

- нем. «Höherer Dienst» - жоғары қызмет немесе жоғары деңгей. Бұл дәрігер, академиялық кеңесші, полиция кеңесі, консул, діни қызметкер, ректор, директор, штаб дәрігері, подполковник, флот дәрігері, теңіз капитаны және т. б.» [25].

Демек, бұл мемлекетте де заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтар пара алу қылмысынан жеке бөлінбеген, олар сыбайлас жемқорлық санатындағы парақорлық түрінде жалпы қарастырылады. Осы секілді тәжірибе Франция, Швеция, Италия, Ұлыбритания, АҚШ

мемлекеттерінде де қолданылады. Әрине, олар парақорлық қылмыс болған соң ол үшін жазалау санкциясы едәуір жоғары белгіленген.

Атап айтқанда, «Еуропада пара алу үшін түрмеге қамау қарастырылған. Германияда оның мерзімі 6 айдан 5 жылға дейін, Францияда 10 жылға дейін және айтарлықтай айыппұл, Ұлыбританияда пара алу үшін темір тордың артында 7 жылға дейін, Швецияда 6 жылға дейін, Италияда 12 жылға дейін, АҚШ-та мұндай қылмыс үшін 15 жылға дейін бостандықты жоғалтуға болады, сонымен қатар пара сомасынан үш есе айыппұл төлеу көзделген» [24].

Әдетте, мұндай елдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруда 2003 жылғы 31 қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (бұдан әрі – Конвенция) талаптарын басшылық етеді.

«Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес жеке секторда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарын күшейту және осындай шараларды сақтамағаны үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық санкциялардың, тиісті жағдайларда, тиімді, мөлшерлес және тежемелі ықпалын белгілеу жөнінде шаралар қолданады» [26].

Аталған Конвенцияда мемлекеттік секторда ғана емес, жеке секторда да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған ережелер көрсетілген.

Конвенцияда сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілеріне «жария лауазымды тұлға», «шетелдік жария лауазымды тұлға» және «бұқаралық халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары» жатқызылған.

Бұл ретте, «жария лауазымды тұлға қатарына келесілер кіреді:

1) Қатысушы мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында тұрақты немесе уақытша негізде еңбекке ақылы немесе ақысыз, осы тұлғаның лауазым дәрежесіне қарамастан, қандай да бір қызмет атқаратын кез келген тағайындалатын немесе сайланатын тұлға;

2) қандай да бір көпшілікке арналған міндетті орындайтын, мұның өзі Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында анықталатындай және осы Қатысушы мемлекеттің құқықтық істі реттеу саласында қолданатындай, оның ішінде көпшілікке арналған ведомство немесе көпшілікке арналған кәсіпорында, немесе қандай да бір көпшілікке арналған қызмет атқаратын кез келген басқа тұлға;

3) Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында «жария лауазымды тұлға» ретінде анықталатын кез келген басқа тұлға. Соған қарамастан осы Конвенцияның II тарауында көзделген кейбір нақты шараларды қабылдау мақсаттары үшін «лауазымды адам» дегеніміз Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында анықталатындай және осы Қатысушы мемлекеттің құқықтық тиісті реттеу саласында қолданатындай қандай да бір жария міндетті орындайтын немесе қандай да бір көпшілікке арналған қызметті беретін кез келген басқа тұлғаны айтамыз» [26].

Егер отандық заңнамамен салыстыратын болсақ, онда бізде сыбайлас жемқорлық қылмысының субъектілері нақты анықталған, бірақ олардың тізіміне жататын адамдар тобы өте тар, ол тізімге заңсыз сыйақы алу субъектілері енгізілмеген. Соның салдарынан Қазақстанда өзге елдердегідей емес, заңсыз сыйақы алу қылмысы сыбайлас жемқорлық санатына кірмейді, ол экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға жатқызылған.

Талдаудан көріп отырғанымыздай, біздің елге қарағанда біршама дамыған шетел мемлекеттерінде заңсыз сыйақы алу – парақорлық қылмыс ретінде есептеледі, сәйкесінше сыбайлас жемқорлық қылмыстар қатарына жатады және оларды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық анағұрлым қатаң белгіленген.

Шетел мемлекеттерінің осындай ерекшеліктерін ескере отырып, біздің елімізде де заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жазаны күшейту негізді және қажетті ұсыныс деп санаймыз.

2. Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл мәселелері

2.1. Заңсыз сыйақы алуды анықтау, ашу, жолын кесу және оны тергеп-тексеру мәселелері

Тәуелсіздігімізді алып бүкіл әлемге танылғанымызға отыз жылдан астам уақыт өтті. Осы кезеңде мемлекетімізде қылмыстық және қылмыстық-процестік іс жүргізу бағытында біршама заңнамалар қабылданды. Алайда қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени даму динамикасына қарай кейбір заңнамалардың құқықтық нормалары қайта зерттелініп, тиісті өзгерістерге ұшырауы қалыпты жағдайға айналған.

Осы орайда мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін қылмыстық заңнамамен қатар қылмыстық іс жүргізу заңнамаларынан әрі жетілдіру қажет деп санаймыз. Себебі, заңсыз сыйақы алу қазіргі Қазақстандық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Тіпті, қоғамда заңсыз сыйақы алу ынтымақтастықтың өзіндік бір формасына ие болып тұрғандай. Азаматтардың санасында заңсыз сыйақы арқылы жеке шаруаларын бітіру қоғамдағы қалыпты және үйреншікті жағдайға айналып отыр.

Мемлекеттік және өзге де ұйымдардағы қызметкерлер заңсыз сыйақы алуды олардың атқаратын лауазымы есебінен өздеріне қосымша берілген бейресми қаржыландыру мүмкіндігі ретінде қабылдайды. Көбісі өздеріне белгіленген айлық жалақылары төмен және ол лайықты өмір сүру үшін жеткіліксіз деп санайды. Сондықтан олар өздеріне жүктелген онсыз да орындауға тиіс міндеттерін орындағаны үшін материалдық сыйақы заңсыз алады, бірақ бұны заңсыз іс-әрекет деп қабылдамайтындай мінез-құлық қалыптастырады.

Аландатарлық жағдай, елімізде заңсыз сыйақы алу айтарлықтай жиі орын алып жатқанымен, мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресу және дәлелдеу процесі баяу жүзеге асып келеді. Бұның бірден-бір себебі – кейбір отандық заңнамалық актілердің нормалары мен талаптары заңсыз сыйақымен күресуге тікелей кері әсерін тигізіп тосқауыл болуда.

Осы тұста заңсыз сыйақы алуға қарсы іс-қимылды реттейтін заңнамалық актілердің проблемалық аспектілері және заңсыз сыйақы алғаны үшін жазалау санкциясынқатаңдатудың маңыздылығы мен тиімділігі жән-жақты зерттелді.

Алдымен, заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл тұрғысында ЖТӨ жүргізудің құқықтық табиғаты қаралды. Біздің ойымызша, заңсыз сыйақы алу қылмысы туралы сөз болғанда ЖТӨ жүргізудің маңызы өте зор.

Отандық қылмыстық-процестік заңнамаға ЖТӨ жаңа институт ретінде 2014 жылғы 4 шілдедегі ҚР ҚПК-мен қолданысқа енгізілген. Бұл институттың Қазақстанда қолданылуына және оның тиімділігіне байланысты бірқатар ғалымдар оң пікірлер білдірген.

А.М.Карлдың пікірінше «Жасырын тергеу әрекеттері – қылмыстарды ашуға көбірек мүмкіндік беретін әрекеттер. Аталған тергеу әрекеттерін реттейтін қылмыстық-процестік нормаларды қабылдау, Қазақстандағы жедел-іздістіру және қылмыстық процестік қызметті интеграциялаудың алғашқы қадамы болып табылады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, экстремистік бағыттағы немесе террористік сипаттағы қылмыстар, есірткі мен қарудың заңсыз айналымы туралы сөз болғанда, барлық алдын ала тергеу әрекеттері жедел-іздістіру органдары ұсынған ақпарат негізінде құрылады» [27].

ЖТӘ ұғымына анағұрлым нақты анықтама «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында берілген. Оған сәйкес, «Жасырын тергеу әрекеті – бұл қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтау үшін мүдделеріне қатысы бар адамдарға алдын ала хабарламай сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жүргізілетін әрекет» [28].

ҚР ҚПК-нің 231-бабының 1-бөлігіне сәйкес «мынадай жасырын тергеу әрекеттері:

- 1) адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау;
- 2) электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу;
- 3) абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу;
- 4) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу;
- 5) пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау;
- 6) орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеру;
- 7) адамды немесе орынды жасырын байқауға алу;
- 9) жасырын бақыланатын сатып алу жүзеге асырылады» [3].

«Әдетте жасырын тергеу әрекеттері істің мән-жайлары туралы ақпаратты өзге тергеу әрекеттері арқылы алу мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі. Жасырын тергеу әрекеттері қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тікелей жүзеге асыратын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының (прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының) бастамасымен жүргізіледі. Өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың мұндай құқығы жоқ. Жасырын тергеу әрекеттері оларды жүргізу талаптары сақталған және жүргізуге негіздер болған кезде жүзеге асырылады» [28].

Осы тұрғыда, «жасырын тергеу әрекеттері ҚР ҚПК-нің 232-бабының төртінші бөлігінде көзделген негіздердің біреуі болған кезде Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарламалар немесе баянаттар бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу шеңберінде жүргізіледі» [28].

Ал ҚР ҚПК-нің 232-бабы 4-бөлігінің 1-тармағына сәйкес «жасырын тергеу әрекеттері жасалғаны үшін санкциясы бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмыстар туралы істер бойынша ғана жүргізіледі» [3].

Бұл ретте, жоғарыда айтқанымыздай ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылықтар, онда жасаған қылмыстық іс-әрекеті үшін бір жыл тұрмақ, тіптен бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделмеген. Сондықтан олар бойынша ЖТӘ жүргізуге мүмкіндік заңмен шектелген, оның салдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде дәлелдемелік базаның жинақталуын қолжетімсіз етуде.

Бұған бірден-бір дәлел, тәжірибеде аталған бап бойынша тіркелген қылмыстық істердің басым бөлігі іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты, нақты айтқанда дәлелдемелердің жеткіліксіз болу салдарынан өндірістен тоқтатылады. Мәселен, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы: «Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» №1-М есебі (бұдан әрі - №1-М есебі) бойынша 2021 жылы өндірісте барлығы 68 іс болса, оның 25 ісі ақталатын негізде, 12 ақталмайтын негізде тоқтатылған, тек 17 іс сотқа жолданған; 2022 жылы барлығы 68 іс болса, оның 41 ісі ақталатын негізде, 21 ақталмайтын негізде тоқтатылған, тек 12 іс сотқа жолданған; 2023 жылы барлығы 25 іс болса, оның 38 іс (с.і. алдыңғы жылдарда тіркелген істер) ақталатын негізде, 4 ақталмайтын негізде тоқтатылған, сотқа тек 1 іс жолданған (Диаграмма 1).

Оған қоса, тәжірибеде заңсыз сыйақы алу деректері көбінесе осы ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктері бойынша тіркеледі. Нақты айтқанда, 2021 жылы СДТБТ-не аталған баптың 1-бөлігімен – 36 іс, 2-бөлігімен – 28 іс, 3-бөлігімен – 4 іс тіркелген; 2022 жылы 1-бөлігімен – 36 іс, 2-бөлігімен – 21 іс, 3-бөлігімен – 1 іс тіркелген; 2023 жылы 1-бөлігімен – 12 іс, 2-бөлігімен – 6 іс, 3-бөлігімен – 7 іс тіркелген (Диаграмма 2).

Біздің ойымызша, ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылық санатынан ауырлығы орташа қылмыстар санатына күшейтілетін болса, онда осы баппен тіркелген қылмыстық істердің барлық бөліктері бойынша ЖТӘ жүргізуге мүмкіндік болады, тиісінше, қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға, жолын кесуге және дәлелдеуге үлкен септігін тигізеді.

Осы ретте, заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейте отырып ЖТӘ жүргізуге мүмкіндік беру арқылы қылмыстық заңнаманы жетілдіру әбден орынды және қажетті ұсыныс деп санаймыз.

Диаграмма 1

№1-М есебінен алынған статистикалық мәліметтерге сәйкес
ҚР ҚК-нің 247-бабы бойынша жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі





Диаграмма 2

№1-М есебінен алынған статистикалық мәліметтерге сәйкес ҚР ҚК-нің
247-бабымен СДТБТ-не тіркелген қылмыстық істер бойынша жүргізілген салыстырмалы
талдау нәтижесі



Тағы бір айта кетер жайт, ҚР ҚК-нің 247-бабымен сотқа жолданған және ақталмайтын негізде тоқтатылған қылмыстық істерді зерттеу кезінде ол істер бойынша дәлелдемелік базаны куәлардың жауаптары, банктік есепшоттардың үзінділері, тараптардың өздері ұсынған (WhatsApp арқылы) хат алмасулары және көп жағдайда ЖТӨ нәтижелері құрайтыны анықталды. Бұл ретте, ЖТӨ жүргізілген қылмыстық істердің арасында алғашында Қылмыстық кодекстің санаты ауырлау басқа бабымен тіркеліп, сол ауырлау бап бойынша ЖТӨ

жүргізіліп, олардың нәтижесі алынып, содан кейін ғана ҚР ҚК-нің 247-бабына қайта сараланған істер бар екені белгілі болды.

Мәселен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен Есіл ауданы филиалының Халыққа қызмет көрсету бөлімінің басшысы «Б»-ға және басқаларға қатысты пара алу дерегі бойынша ҚР ҚК 366-бабы 3-бөлігі 2-тармағы бойынша алдын ала тергеу басталған.

Тергеу сатысында ЖТӨ жүргізіліп, іс бойынша қажетті дәлелдемелік база жинақталған.

Одан кейін, аталған қылмыстық іс ҚР ҚК 366-бабы 3-бөлігі 2-тармағынан ҚР ҚК 247-бабының 1-бөлігіне қайта сараланған, себебі «Б» бұл қылмыстың арнайы субъектісі болып табылмайды.

Нәтижесінде «Б»-ға және басқаларға қатысты қылмыстық іс тараптардың татуласуына байланысты ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігі 12-тармағы және ҚР ҚК-нің 68-бабы 1-бөлігімен ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған.

Демек, аталған іс бойынша ЖТӨ жүргізілмеген жағдайда, жоғарыдағы қылмыстың ашылуы екіталай болар еді. Бұл дегеніміз дәлелдемелік базаны жинақтау мақсатында ЖТӨ жүргізудің маңызы зор екенін тағы бір дәлелдейді.

Сонымен қатар, заңсыз сыйақы алуға қарсы іс-қимылды заңнамалық реттеудің осы тектес өзекті проблемаларының бірі – заңсыз сыйақы алу деректері бойынша АЖШ жүргізуге мүмкіндіктің мүлдем болмауы.

«Сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге жол берілмейді. Мұндай жағдайларда қылмыстық процестің міндеттері «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін» [28].

«Жедел-ізвестіру қызметінің міндеттері: адам мен азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін, меншікті құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау; қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды, сондай-ақ қылмыстық іс үшін маңызы бар нәрселер мен құжаттарды анықтау...» болып табылады [4].

Өз алдына, жедел-ізвестіру шаралары жалпы және арнаулы болып екіге бөлінеді. Біздің зерттеуіміздің нысаны осының екінші түрі.

«Арнаулы жедел-ізвестіру іс-шарасы – заңмен қорғалатын адамның жеке өміріне араласпаушылықты, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарламалары мен почта жөнелтілімдері құпиясын, сондай-ақ тұрғын үйге қол сұқпаушылық құқығына тікелей қатысты жедел-ізвестіру іс-шарасы» [4].

«Арнаулы жедел-ізвестіру іс-шаралары мыналар болып табылады:

- 1) адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау;
- 2) электр (телекоммуникация) байланысының желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап алу және алу;
- 3) абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу;

4) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа құрылғылардан ақпаратты жасырын алу;

5) пошта жөнелтілімдері мен өзге жөнелтілімдерді жасырын бақылау;

б) жасырын кіру және (немесе) орынды жасырын зерттеп-қарау» [4].

«Арнаулы жедел-іздігіру іс-шаралары: 1) ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 116 (бірінші бөлігі), 126 (бірінші және екінші бөліктері), 161 (бірінші бөлігі), 185 (бірінші және екінші бөліктері), 188 (екінші бөлігі), 188-1 (бірінші бөлігі), 189 (екінші бөлігі), 190 (екінші бөлігі), 194 (бірінші бөлігі), 195 (төртінші және бесінші бөліктері), 197 (үшінші бөлігі), 207 (екінші бөлігі), 210 (бірінші бөлігі), 211 (екінші бөлігі), 213 (үшінші бөлігі), 216 (бірінші және екінші бөліктері), 218 (бірінші және екінші бөліктері), 231 (бірінші бөлігі), 232 (бірінші бөлігі), 234 (екінші бөлігі), 245 (бірінші және екінші бөліктері), 272 (үшінші бөлігі), 283 (бірінші бөлігі), 286 (бірінші бөлігі), 287 (үшінші бөлігі), 288 (бірінші бөлігі), 307 (екінші бөлігі), 308 (бірінші бөлігі), 309 (бірінші бөлігі), 315 (бірінші бөлігі), 361 (үшінші бөлігі), 362 (бірінші бөлігі), 365 (екінші бөлігі), 366 (бірінші бөлігі), 367 (бірінші бөлігі), 394 (екінші бөлігі), 399 (екінші бөлігі), 422 (бірінші және екінші бөліктері)-баптарында көзделген ауырлығы орташа қылмыстарды және қылмыстық топ жасаған қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу мақсатында... прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі» [4].

Демек, АЖІШ ауыр, аса ауыр және нақты көрсетілген ауырлығы орташа қылмыстарды анықтау үшін жүргізіледі. Ал заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы аталған қылмыс санаттарының ешбіріне жатпайды. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей, ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылық, 3-бөлігі онша ауыр емес қылмыс.

Осылайша, жедел-іздігіру қызметін реттейтін заңнама шеңберінде заңсыз сыйақы алу деректері бойынша АЖІШ мүлдем жүргізілмейді. Дегенмен, заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту арқылы бұл мәселенің де тиімді шешімін табуға болады.

Егер ҚР ҚК-нің 247-бабының 3-бөлігі біздің ұсынып отырғанымыздай онша ауыр емес санатынан ауыр қылмыстар санатына күшейтілетін болса, онда заңсыз сыйақы алу деректері бойынша АЖІШ жүргізуге мүмкіндік туады.

Сондықтан, заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша АЖІШ жүргізуге мүмкіндік алу мақсатында заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту маңызды және тиімді болып табылады.

Баршаға мәлім, заңсыз сыйақы алуға қарсы іс-қимыл кешенді тәсілді қажет ететін күрделі мәселе. Осы орайда, заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты қатаңдатумен ғана шектелмей, қылмыстық-процестік іс жүргізуді де жетілдіру маңызды іс болып табылады.

Бұл ретте, құқық қорғау органымен заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша қылмыстық істердің тергеулігі зерттелді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүйесінде тергеулік институты ерекше маңызға ие. Ол алдын-ала тергеу органдарының құзыретін анықтайтын құралдардың бірі. Тіпті, тергеулік институты шеңберінде алдын ала тергеп-тексеруді жүргізетін құқық қорғау органдарының функционалдық міндеттерін қайта бөлу жүзеге асырылады.

Тергеулікті дұрыс белгілеу қылмыстық істерді толық, жан-жақты, объективті және жылдам тергеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алдымен, тергеулік ұғымына қатысты ғалымдардың ой-пікірлері қаралды, сол кезде олардың тергеулікке қатысты берген түсіндірмелері өзара мәндес келетіні белгілі болды. Солардың бірегейіне тоқталып өтсек.

А.В.Селютиннің түсіндірмесі бойынша, «Тергеулік – бұл қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретін ажырату» [29].

М.С.Строгович «Тергеулікті белгілі бір тергеушінің немесе тергеушілер санатының қарауына жататын істің сипаты ретінде анықтайды» [29].

А.Александров пен А.Марчуктің пікірінше, «Іс жүзінде тергеулікті заңда көрсетілген қылмыстық істің заңды белгілерінің жиынтығы ретінде анықтауға болады, бұл қандай орган осы іс бойынша алдын-ала тергеу жүргізуі керек екенін анықтайды» [29].

Қылмыстық-процестік заңнама бойынша «Тергеулік – осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді қандай да бір қылмыстық қудалау органының құзыретіне жатқызатын, ҚР ҚПК-де белгіленген белгілердің жиынтығы» [3].

Бұл ретте, заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша тергеулік Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген. Дәлірек айтқанда, «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 247-бабы (үшінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары жүргізеді» [3]. Сол секілді «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 247-бабы (бірінші және екінші бөліктерінде) көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары жүргізеді» [3].

Алайда, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, соның қатарында Ішкі істер органдары қызметкерлері заңсыз сыйақы алуды анықтауға, ашуға және жолын кесуге мүдделі емес, олар бұған айтарлықтай кәсіби қызығушылық танытпайды.

Бұның бірден-бір себебі, аталған құқық бұзушылық ауырлығы тұрғысынан максимум онша ауыр емес қылмыстар санатына ғана жатады, ал тәжірибеде қызметкерлер онша ауыр емес қылмыстардан гөрі ауырлығы орташа қылмыстар мен ауыр қылмыстарды анықтауға, ашуға және жолын кесуге бағытталған. Жеке құрамды бұлай бағыттау құқық қорғау органдары қызметінің айлық, тоқсандық және жылдық көрсеткіштерінің басты критерийлері осы ауырлығы орташа қылмыстар мен ауыр қылмыстар бойынша есептелумен

түсіндіріледі. Мұндай тұжырым жасауға құқық қорғау органдарында сан жылдар бойы қалыптасқан тәжірибеден бөлек Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің электрондық интернет-порталынан алынған статистикалық көрсеткіштер де негіз бола алады. Атап айтқанда:

2020 жылы 6 728 онша ауыр емес, 17 776 ауырлығы орташа, 9 455 ауыр, 482 аса ауыр қылмыс тіркелген;

2021 жылы 5 491 онша ауыр емес, 14 281 ауырлығы орташа, 7 607 ауыр, 459 аса ауыр қылмыс тіркелген;


2022 жылы 4 617 онша ауыр емес, 11 994 ауырлығы орташа, 9 093 ауыр, 554 аса ауыр қылмыс тіркелген;

2023 жылы 4 359 онша ауыр емес, 10 985 ауырлығы орташа, 6 586 ауыр, 387 аса ауыр қылмыс тіркелген (Диаграмма 3).

Демек, заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығына ауырлығы орташа қылмыстар немесе ауыр қылмыстар санатына дейін күшейткен жағдайда, құқық қорғау органдары жеке құрамының аталған қылмыстық құқық бұзушылықты анықтауға, ашуға және жолын кесуге барынша қарқынмен бағытталатындығы сөзсіз.

Диаграмма 3

№1-М есебінен алынған статистикалық мәліметтер бойынша СДТБТ тіркелген қылмыстардың санатына қатысты салыстырмалы талдау нәтижесі



Сонымен қатар, заңсыз сыйақы алуға қарсы іс-қимылды тежейтін себеп-салдардың қатарына ҚР ҚК-нің 247-бабы бойынша іскерлік пен тәжірибелік қордың аз-кемдігін жатқызуға болады.

Осы орайда, заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығының белгілері пара алу қылмысының белгілеріне ұқсас келетінін ескере отырып, олар бойынша дәлелдеу процесінде бірдейлікті қалыптастырған жөн деп санаймыз.

Себебі, аталған қылмыстардың құрылымы мен конструкциясы бір-біріне ұқсас келеді, сондықтан заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша істерді тергеп-

тексеру кезінде пара алу қылмысына қарсы қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тәжірибелік қорды пайдалану ұтымды болары сөзсіз. Сондай-ақ, бұл жағдай мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды реттеуге зор ықпалын тигізеді.


Өз кезегінде, ҚР ҚПК-нің 187-бабы 3-бөлігіне сәйкес пара алу қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша алдын ала тергеуді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілері жүргізеді.

«Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады» [30].

Аталған құқық қорғау органы пара алу қылмыс түрімен жұмыс жасауға өте жақсы дағдыланған. Тәжірибеде пара алу дерегін анықтау, жолын кесу, ашу, оны тергеп-тексеру анағұрлым белсенді және жоғары деңгейде жүргізіледі. Бұған дәлел, заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша 2021 жылы барлығы 63 іс тіркелсе, пара алу дерегімен 449 іс тіркелген, сол секілді 2022 жылы заңсыз сыйақы алу дерегімен барлығы 48 іс тіркелсе, пара алу дерегімен 446 іс тіркелген, 2023 жылы заңсыз сыйақы алу дерегімен барлығы 16 іс тіркелсе, пара алу дерегімен 388 іс тіркелген (Диаграмма 4).

Диаграмма 4

№1-М есебінен алынған статистикалық мәліметтер бойынша ҚР ҚК-нің 247 және 366-баптарына қатысты жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі



Әрмен қарай зерттеудің жән-жақтылығы мен толыққандылығын қамтамасыз ету мақсатында заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық

бұзушылығының тергеулігіне қатысты кейбір шетел мемлекеттерінің тәжірибелері салыстырмалы түрде қаралды.

Олардың ішінде біздің заңнамаға біршама ұқсас Украинаның қылмыстық іс жүргізу заңнамасы зерделенді. Украинаның қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - Украина ҚІЖК) 216, 218-баптарында «тергеулік» терминіне қатысты бірқатар ережелер анықталды. Осы құқықтық нормалар белгілі бір қылмысты тергеу бойынша алдын ала тергеу органдарының өкілеттіктерін анықтайтыны белгілі болды.

Аталған мемлекетте заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтар УҚК-нің 354-бабында көрсетілген.

Украина ҚІЖК-нің 216-бабының 5-бөлігінде «УҚК-нің 354-бабында (заңды тұлғалардың жария құқық қызметкерлеріне қатысты) көзделген қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеуді аталған елдің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюросының детективтері жүзеге асыратыны» айтылған [31].

«Украинаның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюросы оның тергеуіне жатқызылған сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, тергеу және ашу, сондай-ақ жаңаларының жасалуына жол бермеу жүктелетін арнайы мәртебесі бар орталық атқарушы орган болып табылады» [32].

Демек, Украинада заңсыз сыйақы алу дерегіне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша тергеуді арнайы орган – Украинаның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюросы жүргізеді. Осы ретте, біздің мемлекетімізге де осы тәжірибені қолданған ұтымды болады деп санаймыз.

Одан бөлек, «Сингапур мемлекетінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен айналысатын арнайы орган – Сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу бюросы қызмет атқарады (1952 жылы құрылған)... Бұл тәуелсіз орган Сингапур экономикасының мемлекеттік және жеке секторындағы сыбайлас жемқорлық жағдайларын зерттейді және алдын алуға тырысады... Аталған Бюро қызметінің бірі – қоғамдық және жеке салалардағы сыбайлас жемқорлық айыптары бар шағымдарды тексеру болып табылады» [23].

Сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу бюросы Сингапур үкіметінің тәуелсіз агенттігі ретінде қалыптасқан, ол Сингапурдағы кез келген ықтимал ауыр немесе күрделі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты тергеуге және қудалауға жауапты орган. Бұл мемлекетте де заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығымен арнайы орган айналысады, біздің елге де осы тәжірибені енгізу қажет.

Жоғарыда аталған құқықтық жағдаяттарды және шетел мемлекеттерінің тәжірибелік сипаттарын ескере келе, Қазақстанда заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша істердің тергеулігін еліміздің арнайы органы – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жүктеу мәселесін қараған жөн.

Қорыта айтқанда, заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл бойынша қылмыстық іс жүргізу қызметін жетілдіру мақсатында ҚР ҚК-нің 247-бабы бойынша істердің тергеулігін Ішкі істер органынан алып (не осы органмен қатар) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жүктеу мәселесін қарастыруды ұсынамыз.

2.2. Заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша сот тәжірибесі

Құқықтық мәселелерді шешу кезінде оған қатысты сот тәжірибесін зерттеудің маңызы зор. Сот тәжірибесі нақты бір типтегі қылмыстық істерді қарау нәтижесінде шығарылған сот үкімдері мен қаулыларының жиынтығынан құралады.

Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасында заңсыз сыйақы алумен байланысты сот тәжірибесін зерттеу үшін ҚР ҚК-нің 247-бабы бойынша шығарылған сот үкімдері мен қаулылары қаралды.

Сот үкімі – қылмыстық іс бойынша бүкіл іс жүргізудің қорытындысы шығарылатын құқық қолданудың аса маңызды актісі болып табылады [33].

Заңға сәйкес үкім – Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-тармағында және ҚР ҚПК-нің 2-тарауында көрсетілген сот төрелігі қағидаттарын сақтай отырып, сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі және оған қатысты қылмыстық жазаны қолдану немесе қолданбау мәселесі бойынша бірінші және апелляциялық сатыдағы соттың сот отырысында қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының атынан шығарған шешімі [33].

Қаулы – соттың үкімнен басқа кез келген шешімі, анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында қабылдаған шешімі [3];

Сонымен, аталған зерттеуді жүргізу үшін Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезе, яғни Сот кабинетінің электрондық қоры пайдаланылды. Аталған іздеу сервисінде 2009-2024 жылдары соттар шығарған сот актілері (шешімдері, қаулылары, үкімдері) қолжетімді. Мұнда сот шешімдері (үкімдері) сервисінің жаңа жеңілдетілген интерфейсіне есептік жыл, инстанция және негізгі сөздер бойынша қарапайым іздеуге де, кеңейтілген іздеуге де мүмкіндік беретін қосымша критерийлер енгізілген. «Негізгі сөз бойынша іздеу» критерийі сот актілерінің қарарлық бөлігінде қамтылатын сөздер және процесс қатысушылары бойынша іздеуді жүзеге асырады. Кеңейтілген іздеу сот шешімдеріне (үкімдерге) мынадай критерийлер бойынша қол жеткізуге мүмкіндік береді: шешім (үкім) шығарылған күні, іс категориясы, облыс, сот органы және қарау нәтижесі. Сонымен қатар нәтижесін нақты көрсету үшін сервисіте бір, сондай-ақ бірнеше критерийлер бойынша іздеуді жүзеге асыру қарастырылған, оған қоса сервисіте бұдан бұрын процессуалдық заңнамаға енгізілген өзгерістер есепке алынған.

Өз кезегінде, Сот кабинетінің иесі – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты болып табылады, сондықтан мұндағы сот актілерінің қоры шынайы, негізді және толыққанды деуге негіз бар.

Осы электрондық сервис арқылы еліміздің сот тәжірибесін зерделеу мақсатында заңсыз сыйақы алу дерегіне қатысты 2018 жылдан бастап 2024 жылдың наурыз айына дейінгі шығарылған сот үкімдері мен қаулылары алынды. Атап айтқанда, Сот кабинеті сервисінен заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша мына төмендегі сот үкімдері мен қаулылары анықталды және олар зерттеу нысаны ретінде қаралды.

- 2018 жылғы 04 қаңтардағы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық сотының «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаменті Аягөз аудандық бөлімшесінің жерге орналастыру маманы А-ға қатысты 40 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 113 450 теңге сомасында (50 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2018 жылғы 04 мамырдағы Атырау қаласы №2 сотының «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ның Атырау филиалының бөлім басшысы К-ға қатысты 3 300 АҚШ доллар (24 500 525 теңге) заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 2 269 000 теңге сомасында (1000 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2018 жылғы 30 шілдедегі Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық сотының Ақшұқыр ауылы әкімдігі қасындағы «Коммуналдық қызмет» МКК-ның бас инженері К-ға қатысты 400 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 144 300 теңге сомасында (60 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2018 жылғы 30 қарашадағы Алматы қаласы Алатау аудандық сотының «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Алматы қаласы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының маманы Б-ға қатысты 10 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 48 100 теңге сомасында «20 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2018 жылғы 19 желтоқсандағы Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының «ҚИК» АҚ сату басқармасының маманы А-ға қатысты 25 000 теңге және 1000 АҚШ доллары мөлшерінде бірнеше рет заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 144 300 теңге сомасында (60 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2020 жылғы 03 сәуірдегі Атырау қаласы №2 сотының С.Өтебаев атындағы университеттің аға оқытушысы Б-ға қатысты 355 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 2 525 000 теңге сомасында (1000 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2021 жылғы 23 шілдедегі Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы сотының «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Батыс Қазақстан филиалының сынақтар және техникалық байқау бөлімінің жетекші

маманы Г-ға қатысты 120 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 87 510 теңге сомасында (30 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2021 жылғы 23 қыркүйегіндегі Атырау қаласы №2 сотының «Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның мейірбикесі К-ға қатысты 890 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 43 755 теңге сомасында (15 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2021 жылғы 04 қазандағы Атырау қаласы №2 сотының «Медикер Жайық» ЖШС емханасының мейірбикесі А-ға қатысты 530 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 43 755 теңге сомасында (15 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2022 жылғы 19 қаңтардағы Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының «Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК орталық аппаратының маманы К-ға қатысты 350 000 теңге заңсыз алғаны үшін кінәлі деп танып, қылмыстық істі ақталмайтын негізде қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай өндірістен тоқтату туралы қаулысы;

- 2022 жылғы 10 тамыздағы Байқоңыр аудандық №2 сотының «ҚТЖ» ҰК» АҚ департаментінің директоры Т-ға қатысты 5 300 000 және 1 538 000 теңге мөлшерінде бірнеше рет заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 1 жылға бостандығынан айыру жазасын тағайындау туралы сот үкімі;

- 2023 жылғы 12 қаңтардағы Әл-Фараби аудандық сотының «Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының бас менеджері К-ға қатысты 2 000 000 теңге заңсыз алғаны үшін кінәлі деп танып, қылмыстық істі рақымшылық актісін қолдану арқылы өндірістен тоқтату туралы қаулысы;

- 2023 жылғы 28 наурыздағы Павлодар облысы Шарбақты аудандық сотының «Ертіс Орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» РММ бас директорының орынбасары А-ға қатысты 1 000 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танып, оған 1 жылға бостандығын шектеу жазасын тағайындау туралы сот үкімі;

- 2023 жылғы 24 тамыздағы Павлодар облысы Павлодар қаласы №2 сотының «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің бас менеджері К-ға қатысты 2 350 000 теңге заңсыз сыйақы алғаны үшін ҚР ҚК-нің 247-бабы 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танып, оған 3 450 000 теңге сомасында (1000 айлық есептік көрсеткіш) айыппұл түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімі;

- 2024 жылғы 26 қаңтардағы Атырау қаласы №2 сотының «Азаматтарға арналған үкімет» МККЕАҚ-ның Атырау облысы бойынша филиалы тіркеу басқармасының басшысы Д-ға қатысты 400 000 теңге, 20 000 000 теңге және 8 000 000 теңге мөлшерінде бірнеше рет заңсыз сыйақы алғаны үшін ҚР ҚК-нің 247-бабы 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танып, оған 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындау туралы сот үкімі.

Сот кабинеті сервисінен жоғарыда көрсетілгендерден басқа ҚР ҚК-нің 247-бабы бойынша сот үкімдері не қаулылары анықталмады. Бұл дегеніміз еліміздің сот және алдын ала тергеу тәжірибесінде заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша жинақталған материалдар қоры анағұрлым аз екенін білдірді.

Дегенмен, жинақталған материалдарға зерттеу жүргізілді, оның барысында Қазақстанда заңсыз сыйақы алумен байланысты сот тәжірибесінің бірқатар проблемалық тұстары бар екені көзге түсті.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының соттарымен:

2018 жылы барлығы 5 қылмыстық іс, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық сотымен 1 іс, Алматы қаласы Алатау аудандық сотымен 1 іс, Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық сотымен 1 іс, Атырау қаласы №2 сотымен 1 іс, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотымен 1 іс бойынша үкімдер шығарылған.

2019 жылы бірде бір сотпен үкім не қаулы шықпаған.

2020 жылы тек Атырау қаласы №2 сотымен 1 іс бойынша сот үкімі шыққан.

2021 жылы барлығы 3 іс, соның ішінде Атырау қаласы №2 сотымен 2 іс, Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы сотымен 1 іс бойынша сот үкімдері шығарылған.

2022 жылы барлығы 2 іс, соның ішінде Байқоңыр аудандық №2 сотымен 1 іс бойынша сот үкімі және Алматы қаласы Алмалы аудандық сотымен 1 іс бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай істі тоқтату туралы қаулы шыққан.

2023 жылы барлығы 3 іс, соның ішінде Павлодар облысы Шарбақты аудандық сотымен 1 іс, Павлодар қаласы №2 сотымен 1 іс бойынша сот үкімдері және Әл-Фараби аудандық сотымен 1 іс бойынша рақымшылық актісін қолдану арқылы істі тоқтату туралы қаулы шығарылған.

2024 жылдың 3 айында тек Атырау қаласы №2 сотымен 1 іс бойынша сот үкімі шыққан.

№1 кесте

Сот кабинеті электрондық сервисінің мәліметтеріне сәйкес аумақтық соттардың ҚР ҚК-нің 247-бабымен қараған қылмыстық істерінің саны бойынша ақпарат

Аумақ атауы/Кезең	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Астана қаласы					1		
Алматы қаласы	2				1		
Шымкент қаласы						1	
Ақмола облысы							
Алматы облысы							
Ақтөбе облысы							
Атырау облысы	1		1	2			1
БҚО				1			

Қарағанды облысы							
Жамбыл облысы							
Қызылорда облысы							
Қостанай облысы							
Маңғыстау облысы	1						
Павлодар облысы						2	
СҚО							
Түркістан облысы							
ШҚО	1						
Жетісу облысы							
Абай облысы							
Ұлытау облысы							

Көріп отырғанымыздай, Қазақстанның аумақтық соттарының көбісімен (12 облыстық аумақта) заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша қылмыстық істер мүлдем қаралмаған, яғни ол өңірлерде заңсыз сыйақы алу қылмысымен байланысты тәжірибелік қор тіптен қалыптаспаған. Біз мұндай статистикалық мәліметтерге сүйеніп елімізде заңсыз сыйақы алу қылмысы едәуір төмен деген пікір қалыптастырмауымыз қажет.

Айтайын дегеніміз, мына жоғарыда (№1 кесте) көрсетілген статистикалық мәліметтерге қарап, елімізде заңсыз сыйақы алу қылмысы өте аз, кейбір өңірлерде тіпті жоқ секілді көрінеді, бірақ бұл алдамшы көзқарас, жалған пікір. Шын мәнінде қоғамда бұл қылмыстық құқық бұзушылық көріністері айтарлықтай өршіп тұр, бірақ көбісі дерлік жасырын күйде қалып латенттік сипатқа ие болып отыр.

Демек, сот тәжірибесі елімізде заңсыз сыйақы алу қылмысы төмен деңгейде екенін білдірмейді, керісінше құзырлы органдардың тарапынан аталған дерекке қарсы іс-қимылдың біршама ақсап тұрғанын көрсетеді.

Әдетте, соттардың қандай да болмасын қылмыстық істер бойынша жинақталған материалдық не тәжірибелік қоры құқық қорғау органдарының сотқа жіберген қылмыстық істерінің негізінде қалыптасады. Құқық қорғау органымен сотқа қылмыстық істер жіберілмесе, онда сәйкесінше соттың қарайтын материалы болмайды. Ал сотқа қылмыстық істерді жіберу үшін алдымен ондай қылмыстық іс-әрекеттерді анықтау, ашу және тергеу қажет. Бұл функциялар құқық қорғау органдарының тікелей міндеті.

Елімізде заңсыз сыйақы алумен байланысты сот тәжірибесінің толымсыз болуының басты себебі – ол құқық қорғау органдары тарапынан аталған дерек бойынша қылмыстық істердің сотқа аз жіберілуі деуге болады. Бұл орайда, заңсыз сыйақы алумен күресуде құқық қорғау органдарының мүмкіндіктері шектеулі екенін айта кеткен жөн. Олар аталған қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау, ашу және тергеу үшін ЖТӘ және АЖШ жүргізе алмайды, сондықтан көп істер бойынша дәлелдемелік база жеткіліксіз болып, соның салдарынан аталған дерекке қатысты қылмыстық істер сотқа жіберілмей, алдын ала тергеп-тексеру сатысында өндірістен тоқтатылып жатады.

Біздіңше, Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнаманы және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру арқылы бұл мәселені шешуге болады. Заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту арқылы құқық қорғау органдарына ЖТӘ және АЖІШ жүргізуге толық мүмкіндіктер беру қажет, сондай-ақ аталған қылмыстық іс-әрекеттер бойынша істердің тергеулігін Ішкі істер органынан алып (не осы органмен қатар) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жүктеу ұтымды болады.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының сот тәжірибесін зерделеу кезінде заңсыз сыйақы алғаны үшін сотпен тағайындалатын жазаның айтарлықтай төмен екені бірден байқалды. Оған соттың мына үкімдері дәлел болмақ:

2021 жылдың 23 қыркүйегінде Атырау қаласы №2 сотымен «Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-нің мейірбикесі «К»-ға қатысты ҚР ҚК-нің 247-бабы 2-бөлігі бойынша сот үкімі шығарылған.

Істің фабуласы: 2021 жылдың мамыр және маусым айларында «Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-нің мейірбикесі «К» өзіне жүктелген «COVID-19» ауру індетіне қарсы «Спутник V» вакцина екпесін салу жұмысын атқару кезінде барлығы жиырма жеті адамға шын мәнінде вакцина екпесін салмай оларға вакцинациядан өту туралы анықтамалар берген, осы заңсыз іс-әрекеті үшін жалпы сомасы 890 000 теңге заңсыз сыйақы алған.

Тергеу кезінде «К» өзіне қатысты қылмыстық істі ҚР ҚПК-нің 629-2-бабының талаптарына сәйкес бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы өтінішхат мәлімдеген.

«Айыптау үкімі бұйрықты іс жүргізу тәртібімен шығарылған істер бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде тағайындалады» [2].

Жоғарыда көрсетілген заң нормаларын ескере отырып, сот «К»-ны ҚР ҚК-тің 247-бабы 2-бөлігімен кінәлі деп танып, оған 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 43 755 (қырық үш мың жеті жүз елу бес) теңге айыппұл салу жазасын тағайындаған.

Дәл осы секілді, 2021 жылдың 04 қазанында Атырау қаласы №2 сотымен «Медикер Жайық» ЖШС емханасының медбикесі «А»-ға қатысты ҚР ҚК-нің 247-бабы 1-бөлігі бойынша сот үкімі шығарылған.

Істің фабуласы: 2021 жылдың маусым айында «Медикер Жайық» ЖШС емханасының егу жұмыстарын ұйымдастыру мейірбикесі «А» өзіне жүктелген «COVID-19» ауру індетіне қарсы «Спутник V» және «КазВат» вакцина екпесін салу жұмысын атқару кезінде барлығы жиырма екі адамға шын мәнінде вакцина екпесін салмай оларға вакцинациядан өту туралы анықтамалар берген, осы заңсыз іс-әрекеті үшін жалпы сомасы 530 000 теңге заңсыз сыйақы алған.

Бұл ретте де, жоғарыда көрсетілген заң нормаларын ескере отырып, сот «А»-ны ҚР ҚК-тің 247-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танып, оған 15 АЕК мөлшерінде 43 755 (қырық үш мың жеті жүз елу бес) теңге айыппұл салу жазасын тағайындаған.

Заңсыз сыйақы алу – қоғамға қатер төндіретін қауіпті іс-әрекет. Сондықтан мұндай қылмыстық іс-әрекет үшін кінәлі адамға 15 айлық есептік көрсеткіш (43 755 теңге) мөлшерінде айыппұл салу өте төмен жаза деп есептейміз.

Салыстырмалы түрде бұл қылмыстық жаза Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) көзделген бірқатар жеңіл әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын жазалау шаралармен пара пар келеді. Атап айтқанда, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жаза қолдану мыналар үшін белгіленген: Темекі және темекі бұйымдары туралы ақпарат жөніндегі заңнама талаптарын бұзу (ҚР ӘҚБтК-нің 198-бабы 2-бөлігі); Міндетті аудит жүргізуден жалтару не оны жүргізуге кедергі келтіру (ҚР ӘҚБтК-нің 250-бабы); Мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою мерзімін бұзу (ҚР ӘҚБтК-нің 268-бабы 2-бөлігі); Бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібін бұзу (ҚР ӘҚБтК-нің 284-бабы 2-бөлігі); Жылу желілерін бүлдіру (ҚР ӘҚБтК-нің 304-бабы); Құжаттары жоқ және басқару құқығы жоқ адамның көлік құралын басқаруы (ҚР ӘҚБтК-нің 612-бабы 4-1-бөлігі); Адвокаттың заңды қызметіне кедергі келтіру (ҚР ӘҚБтК-нің 668-бабы) және т.б.

Түптеп келгенде жоғарыда көрсетілген сот үкімдері бойынша тағайындалған жаза мөлшері кінәлі тұлғалардың заңсыз алған сыйақы сомаларынан анағұрлым төмен екені, яғни жасалған қылмыстық теріс қылық пен ол үшін тағайындалған жазаның бір-біріне мүлдем сәйкес келмейтіні көзге түсті.

Егер, ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктері бойынша жазалау санкциясы қылмыстық теріс қылықтан ауырлығы орташа қылмыс санатына дейін күшейтілсе, онда заңсыз сыйақы алу қылмысы бойынша істер бұйрықты іс жүргізу тәртібімен қаралмайды және ҚК-тің 55-бабының нормаларын қолдану мүмкіндігі шектеледі, тиісінше жазалау санкциясы автоматты түрде қатаңдайды.

Бұдан бөлек, соттың келесі үкімдері де заңсыз сыйақы алғаны үшін жазалау санкциясының айтарлықтай төмен екендігін көрсетеді.

2024 жылғы 26 қаңтардағы Атырау қаласы №2 сотының үкіміне сәйкес, 2022 жылдың мамыр айында «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ-ның Атырау облысы бойынша филиалы тіркеу басқармасының басшысы «Д» жылжымайтын мүлікке құқықты Мемлекеттік тіркеуден өткізіп бергені үшін жәбірленуші «А»-дан 400 000 теңге мөлшерінде материалдық сыйақыны қорқытып алған.

Осы секілді, «Д» өз міндеттері аясына кіретін көрсеткен қызметі үшін материалдық сыйақыны ірі мөлшерде қорқытып алумен ұштастырып, жәбірленуші «Н»-ге Атырау қаласында орналасқан екі жер теліміне қатысты құжаттарын реттестіріп, ол жылжымайтын мүліктерге құқықты Мемлекеттік тіркеуден өткізіп бергені үшін соңғыдан ірі мөлшерде материалдық сыйақы ретінде 20 000 000 теңге ақша қаражаттарын талап етіп, 2022 жылдың ақпан

айында құны 10 000 000 теңгеге бағаланған маркасы «Kia Cadenza» маркалы автокөлігін, одан кейін 2022 жылдың наурыз айында қалған бөлігі 10 000 000 теңгені қолма-қол заңсыз иемденіп алған.

Бұдан басқа, 2022 жылдың маусым айында «Д» жәбірленуші «Н»-ге алаңы 7 гектарды құрайтын Атырау қаласында орналасқан тағы бір жер теліміне құқықты заңсыз Мемлекеттік тіркеуден өткізіп берген, сол үшін соңғыдан 8 000 000 теңге ірі мөлшерде заңсыз сыйақыны қорқытып алып, қолма-қол иемденген.

Қарау нәтижесінде, сот «Д»-ны ҚР ҚК-нің 247-бабы 3-бөлігімен кінәлі деп танып, оған қатысты 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындаған.

Байқағанымыздай, сотталушы «Д» қасақана түрде қылмыс жасап 400 000 теңге, 20 000 000 теңге және 8 000 000 теңге көлемінде бірнеше рет ірі мөлшерде заңсыз сыйақы алса да, оған 1 жыл ғана бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындалған.

Салыстырмалы түрде, егер осындай үлкен сомада лауазымды адам бірнеше рет сыйақы алған болса, онда оның іс-әрекеті ҚР ҚК-нің 366-бабы 3-бөлігімен көзделген пара алу қылмысы ретінде сараланып, ол параның 60 еселенгеннен 70 еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланар еді. Демек, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар құрылымдық және конструкциялық жағынан ұқсас болғанымен, олардың жазалау санкциясында едәуір айырмашылық бар.

Осындай тағы бір мысал ретінде, 2018 жылғы 04 мамырдағы Атырау қаласы №2 сотымен «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ның Атырау филиалының бөлім басшысы «К»-ға қатысты ҚР ҚК-нің 247-бабы 3-бөлігі бойынша шығарылған сот үкімін айтуға болады.

Бұл ретте, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ның Атырау филиалының бөлім басшысы «К» квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкері бола отырып, мердігер компанияның директоры Иран Ислам Республикасының азаматы «Л»-ден орындалған жұмыстардың ай сайынғы актілеріне қол қойғаны және мемлекеттік қабылдау комиссиясының орындалған жұмыстарды қабылдауын ұйымдастырғаны үшін 73 300 АҚШ доллары (24 500 525 теңге) сомасында қорқыту жолымен ірі мөлшерде заңсыз ақшалай сыйақы алған.

Осы заңсыз іс-әрекеті үшін сот «К»-ны ҚР ҚК-тің 247-бабы 3-бөлігімен кінәлі деп танып, оған 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 2 269 000 (екі миллион екі жүз алпыс тоғыз мың) теңге айыппұл салу жазасын тағайындаған.

Көріп тұрғанымыздай, сотталушы «К» қасақана түрде қылмыс жасап 24 500 525 теңге көлемінде ірі мөлшерде заңсыз сыйақы алса да, оған тек 2 269 000 теңге ғана айыппұл салынған.

Демек, бұл жағдайлардың бәрінде заңсыз алынған сыйақы мөлшері салыстырмалы түрде едәуір ірі мөлшерде болса да, ол үшін тағайындалған жаза

өте төмен. Бұл дегеніміз жасалған қылмыс пен жазаның бір-біріне мүлдем сәйкес еместігін білдіреді.

Біздіңше, кінәлі адамның қандай да бір қылмыстық әрекеті үшін төмен жаза тағайындау – ол алдағы уақытта оның жаңа қылмыс жасауына жол беру деген сөз. Себебі, жазаның төмендігі азаматтардың бойында жазасыздық сезімін қалыптастырады және жаңа қылмыс жасауына еш кедергі болмайды.

Жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы [2]. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады [2]. Бұл мақсаттарға әрбір нақты қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықты бекіту, жаза тағайындау және оның бұлтартпай орындалуын қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

Сайып келгенде, заңсыз сыйақы алғаны үшін жазалау санкциясын біршама қатаңдату қажет. Кейбіреулер заңды қатаңдату шешім емес, ол нәтиже бермейді деген пікір ұстанады. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша қандай да бір қылмыс үшін жауаптылықты қатаңдату көп жағдайда өз пайдасы мен тиімділігін береді. Мысалы, 2019 жылдың желтоқсан айында мал ұрлығы үшін ҚР ҚК-не жаңа 188-1-бап енгізіліп, оның жазалау санкциясы күшейтілген. Осының нәтижесінде Қазақстанда мал ұрлығы бойынша қылмыс саны жыл сайын азайып келеді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, СДТБТ-не 2020 жылы – 2849, 2021 жылы – 2271, 2022 жылы – 1809, 2023 жылы – 1520 қылмыстық іс тіркелген.

Демек, тәжірибеде адамдарды жазаның ауырлығымен сескендіру олардың санасы мен іс-әрекетіне оң әсер береді.

Дегенмен, заңсыз сыйақы алғаны үшін жазаны күшейтудегі біздің мақсатымыз адамдарды қамап, оларды қоғамнан оқшаулау емес, бұл ретте жазаны күшейту арқылы заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды жетілдіру болып табылады.

Үшіншіден, ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылық болғандықтан, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар ескіру мерзімінің өтуіне байланысты тоқтатылып, кінәлі тұлғалар қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Атап айтқанда, ҚР ҚК-нің 71-бабына сай, «егер қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер: 1) қылмыстық теріс қылық жасалғаннан кейін бір жыл; 2) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін екі жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады» [2].

Мысалы, 2022 жылғы 19 қаңтардағы Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының «Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК орталық аппаратының маманы «К»-ның заңды тұлғаның өкілі «Ж»-дан 350 000 теңге заңсыз алғаны үшін оған ҚР ҚК-нің 247-бабы 1-бөлігі бойынша айып тағылған. Алайда соңғыға қатысты қылмыстық іс ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 4-

тармағы негізінде қылмыстық жауаптылықтың мерзімі ескіруіне орай тоқтатылған.

Егер ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылық санатынан ауырлығы орташа қылмыстар санатына, ал 3-бөлігі онша ауыр емес қылмыстар санатынан ауыр қылмыстар санатына күшейтілсе, онда мұндай қылмыстарды ескіру мерзімінің өтуіне байланысты тоқтату мүмкіндігі шектелген болар еді. Бұл әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сондай-ақ сотталған адамды түзеуге әсер етеді және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық іс-әрекеттер жасауына тосқауыл болады.

Сол секілді, ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылық, 3-бөлігі онша ауыр емес қылмыс болғандықтан, кінәлі тұлғаларға рақымшылық актісі қолданылып, іс тоқтатылып жатады.

Мәселен, 2023 жылғы 12 қаңтардағы Әл-Фараби аудандық сотының қаулысына сәйкес, «Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «Активтерді басқару жөніндегі және тұрақтандыру қоры» Департаментінің бас менеджері «К» өз қызметін атқарып жүріп, «Күншығыс» мөлтек ауданындағы тұрғын үйден пәтер алу барысында 2 000 000 теңге заңсыз алып, қажеттілігіне жаратқан. Сот «К»-ның қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін ҚК-нің 247-бабы 3-бөлігімен саралаған, себебі оның бұл әрекеттері оның өзінің кінәсін толық мойындағанымен қатар, істегі жинақталған құжаттармен толық әрі объективті түрде дәлелденген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңының талабына сай, «қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босатылады» [34]. ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігі 3-тармағына сай, «қылмыстық іс бойынша егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болып табылады» [3].

Сотталушы «К» сотта өз кінәсін мойындап, өзіне рақымшылық актісін қолдануды және істі тоқтатуды сұраған, сондықтан сот аталған негіздер бойынша сотталушыға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдаған.

Осы орайда, адамдар әр түрлі мөлшерде заңсыз сыйақылар алып қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасағанымен, олар қылмыстық санатына қарай қылмыстық теріс қылықтар не онша ауыр емес қылмыстар істеген болып есептеледі. Осылайша, қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босатылып жатады.

Егер ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылық санатынан ауырлығы орташа қылмыстар санатына, ал 3-бөлігі онша ауыр емес қылмыстар санатынан ауыр қылмыстар санатына күшейтілсе, онда мұндай қылмыстық істерді рақымшылық актісінің нәтижесінде тоқтатуға мүмкіндік шектелген болар еді. Бұл әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сондай-ақ

сотталған адамды түзеуге әсер етеді және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыс істеуіне тосқауыл болады.

2.3. Заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі

Қоғамда заңсыз сыйақы тек оны алушының тарапынан ғана емес, көп жағдайда оны берушінің бастамасымен де орын алып жатады. Бұл халық арасында мемлекеттік және өзге де ұйымдардағы проблемаларды шешудің қолайлы амал-тәсілі ретінде қалыптасып, азаматтардың санасына заңсыз сыйақылық стереотипін ұялатуда. Нақты айтқанда, қоғамға сіңген бұл дерт кейбір азаматтардың заңсыз сыйақыға деген моральдық төзімділік шегін өте төмендетіп жіберген, тіпті олар заңсыз сыйақы беруді «заңсыз» деп қабылдай бермейді, оны күнделікті өмірдегі қарым-қатынастың қалыпты жағдайы ретінде есептейді. Мұндай азаматтар заңсыз сыйақы беру арқылы кезекте тұрмау, заңсыз құжаттама әзірлеу, кемшіліктерге көз жұма қарау, заңды жолын айналып өту секілді өз жұмыстарын заңсыз жолмен тезірек және жеңіл шешуді ойлайды.

Сондықтан заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл тек заңсыз сыйақы алу мәселесімен ғана шектелмей, сонымен қатар заңсыз сыйақы беру бағытында да күрес жүргізуді талап етеді. Осы орайда, заңсыз сыйақы алумен қатар, заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін де қылмыстық жауаптылықты қарастыру қажет.

Жалпы заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы құрылымы, қылмыс элементтері, тіпті жасалу жолы жағынан пара алу қылмысымен өте ұқсас келеді.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, пара алғаны үшін ҚР ҚК-нің 366-бабымен қылмыстық жауаптылық көзделген. Аталған баптың диспозициясына сәйкес: «Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы» [2].

Пара алумен қатар ҚР ҚК-нің 367-бабында пара бергені үшін де қылмыстық жауаптылық айқындалған: «Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты

шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру» [2].

Оған қоса, ҚР ҚК-нің 368-бабы бойынша парақорлыққа делдал болғаны үшін де қылмыстық жауаптылық бар: «Парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету» [2].

Өз кезегінде, заңсыз сыйақы алудың құрылымдық элементтері пара алу қылмысымен тәріздес дегенімізбен, отандық заңнамада заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылық тіптен қарастырылмаған.

Бұл қоғам мүшелері мен азаматтардың жауаптылығы жағынан теңсіздік тудырады. Нәтижесінде, заңсыз сыйақы беретін және оған делдал болған адамдарда жазасыздық сезімі пайда болады, сондай-ақ келешекте мұндай заңсыз іс-әрекеттің қайта жасалуына жол беріледі.

Осыған орай, заңсыз сыйақы беруге азаматтардың өздері де бастамашы болып табылатынын ескере отырып, Қазақстанның қылмыстық заңнамасына заңсыз сыйақы алумен қатар заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін (ҚР ҚК-не жаңа баптар енгізу арқылы) қылмыстық жауаптылықты енгізу қажет.

Өз кезегінде, әр қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыстық элементтері болады. Заңсыз сыйақы беру және заңсыз сыйақылыққа делдал болу іс-әрекеттерін қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелеген түрлері ретінде қалыптастыру үшін олардың қылмыстық элементтері кескінделді.

Сонымен, біздің түсіндірме бойынша, заңсыз сыйақы берудің объектісі – мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың мүдделері. Объективтік жағынан бұл әрекет мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскеріне заңсыз сыйақы беру болып табылады. Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі адам заңсыз сыйақы беріп отырғанын түсінеді, соны тілейді. Субъектісі – есі дұрыс 16 жасқа толған адам.

Осы секілді, заңсыз сыйақылыққа делдал болудың да объектісі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың мүдделері болып табылады. Аталған қылмыстың объективтік жағы заңсыз сыйақы алушыға және заңсыз сыйақы берушіге олардың арасындағы заңсыз сыйақы алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге ықпал етумен, сондай-ақ осындай келісімді іске асырумен сипатталады. Субъективтік жағынан заңсыз сыйақылыққа делдал болу тікелей ниетпен жасалады. Адам заңсыз сыйақылыққа делдалдық ететінін түсінеді, өзінің іс-әрекетімен заңды бұзатынын болжайды және оны қалайды. Бұл қылмыс түрі бойынша да қылмыс субъектісі – есі дұрыс 16 жасқа толған адам болып табылады.

Жоғарыдағыларды ескере келе, Қазақстанның қылмыстық заңнамасына заңсыз сыйақы алумен қатар заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылықты бекіту ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заңсыз сыйақы алу мемлекеттің экономикалық дамуына теріс әсер ететін қоғамға қауіптілік дәрежесі жоғары іс-әрекет екені баршаға мәлім. Бұл келеңсіз әрекет әлеуметтік шиеленістің өршуіне, адами дамудың нашарлануына, бәсекелестіктің төмендеуіне, тауарлар мен қызметтердің қымбаттауына және басқа да жағымсыз салдарға әкеп соғады. Қоғам арасында заңсыз сыйақы алудың көріністері мемлекеттік емханалар мен ауруханаларда, мемлекеттік зерттеу орталықтарында, жоғары оқу орындарында, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, Ұлттық компаниялар мен басқа да квазимемлекеттік салаларда жиі байқалады.

Заңсыз сыйақы алу Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 8-тарауы) қатарына жатады. Бұл заңсыз іс-әрекетті жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2, 3-бөліктерімен көзделген.

Аталған баптың диспозициясында заңсыз сыйақы алу – мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы.

Заңсыз сыйақы алудың саралау белгілері ретінде бірнеше рет жасау (ҚК 247-бабы 2-бөлігі) және ірі мөлшерде алу немесе қорқытып алу (ҚК 247-бабы 3-бөлігі) көрсетілген.

Өзіне тән қылмыс құрамының элементтері бойынша заңсыз сыйақы алу сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына жатпайды, сондай-ақ ол отандық заңнамаға сәйкес «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» болып табылмайды.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес Қазақстанда заңсыз сыйақы алғаны үшін ең ауыр жаза түрі ретінде 2 жылға дейін ғана бас бостандығынан айыру жөнінде айтарлықтай төмен жаза көзделген. Тіпті, аталған баптың 1, 2-бөліктерінің санкциясында бас бостандығынан айыру жазасы мүлдем жоқ. Сондықтан, қылмыс санатына қарай ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктері қылмыстық теріс қылық, ал 3-бөлігі онша ауыр емес қылмыс ретінде есептеледі.

Демек, заңсыз сыйақы алу қоғамға қауіпті іс-әрекет, ол экономикалық дамуды тежейтін күрделі мәселе деп дабыл қаққанымызбен, Қазақстанда заңсыз сыйақы алумен байланысты құқықтық қатынастарды реттеуге және оған қарсы іс-қимылды жүргізуге бағытталған заң үстемдігі біршама баяулап тұр. Бұның салдары қоғам арасында әділетсіздік пен теңсіздіктің тууына әкеп соғуда.

Оған қоса, мұндай қылмыстық іс-әрекет жасағаны үшін жазалау санкциясы өте төмен бекітілген. Бұның салдары құқық қорғау органдарымен аталған қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл жүргізуге және дәлелдеу процесіне кері әсерін тигізіп келеді.

Өз кезегінде, заңсыз сыйақы алуға қарсы іс-қимыл шараларының маңызды тетігі – ол ЖТӘ мен АЖІШ жүргізу болып табылады. Себебі, осы жасырын іс-шараларды жүргізу арқылы дәлелдемелік база жинақталып, қылмыстар анықталып ашылады. Бірақ, заңсыз сыйақы алғаны үшін жазалау санкциясы төмен болғандықтан, кейбір отандық заңнамалық актілердің нормалары мен талаптары аталған іс-шараларды жүргізуге тікелей тосқауыл болып отыр.

Нақты айтар болсақ, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес жасырын тергеу әрекеттері жасалғаны үшін санкциясы бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмыстар туралы істер бойынша ғана жүргізіледі [3].

Бұл ретте, заңсыз сыйақы алуға қатысты ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктерінің жазалау санкциясында бір жыл тұрмақ, тіпті бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мүлдем қарастырылмаған.

Осының себебінен ҚР ҚК-нің 247-бабы 1, 2-бөліктері бойынша ЖТӘ жүргізуге мүмкіндік толықтай шектеліп, қылмыстық істі тергеу кезінде дәлелдемелік базаның жинақталуы қолжетімсіз болып отыр.

Бұл жағдайда ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктерін қылмыстық теріс қылықтан ауырлығы орташа қылмыс санатына күшейтуді ұсынамыз, сол кезде аталған баппен тіркелген қылмыстық істердің барлық бөліктері бойынша ЖТӘ жүргізуге мүмкіндік болады, тиісінше, қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға, жолын кесуге және дәлелдеуге үлкен септігін тигізеді.

Осы тектес келесі проблема – заңсыз сыйақы алу деректері бойынша АЖІШ жүргізуге мүмкіндіктің мүлдем болмауы.

«Арнаулы жедел-ізвестіру іс-шаралары ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ ҚР ҚК-нің нақты көрсетілген баптарында көзделген ауырлығы орташа қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу мақсатында жүргізіледі» [4]. Заңсыз сыйақы алу қылмыстық құқық бұзушылығы аталған қылмыс санаттарының ешбіріне жатпайды.

Осылайша, «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» ҚР Заңының шеңберінде заңсыз сыйақы алу деректері бойынша АЖІШ тіптен жүргізілмейді. Дегенмен, заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту арқылы бұл мәселенің де тиімді шешімін табуға болады.

Бұл жағдайда ҚР ҚК-нің 247-бабының 3-бөлігін онша ауыр емес санатынан ауыр қылмыстар санатына күшейтуді ұсынамыз, сол кезде заңсыз сыйақы алу деректері бойынша АЖІШ жүргізуге мүмкіндік туады.

Бұдан бөлек, ғылыми еңбек аясында Қазақстанның заңсыз сыйақы алуға қатысты сот тәжірибесі зерделенді, оның нәтижесінде сот органдарымен заңсыз сыйақы алғаны үшін өте төмен жаза тағайындалатыны белгілі болды. Мәселен,

Атырау қаласы №2 сотымен 28 млн теңге заңсыз сыйақы алған кінәлі тұлғаға 1 жыл ғана бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған, сол сияқты аталған сотпен 24 млн.теңге заңсыз сыйақы алған кінәлі тұлғаға тек 2 млн.теңге айыппұл салынған. Бұл заңсыз сыйақы алумен байланысты жасалған қылмыс пен ол үшін тағайындалатын жазаның бір-біріне мүлдем сәйкес еместігін білдіреді. Біздіңше, кінәлі адамның қандай да бір қылмыстық әрекеті үшін төмен жаза тағайындау – ол алдағы уақытта оның жаңа қылмыс жасауына жол беру деген сөз. Себебі, жазаның төмендігі азаматтардың бойында жазасыздық сезімін қалыптастырады және жаңа қылмыс жасауына еш кедергі болмайды. Сондықтан, бұл тұстан да жазаны қатаңдату тиімді деп санаймыз.

Жалпы, елімізде заңсыз сыйақы алумен байланысты сот тәжірибесі көңіл толтырымсыз күйде. Қазақстанның аумақтық соттарының көбісімен (12 облыстық аумақта) заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша қылмыстық істер мүлдем қаралмайды, яғни ол өңірлерде заңсыз сыйақы алу қылмысымен байланысты тәжірибелік қор тіптен қалыптаспаған. Бір жағынан мұндай статистикалық мәліметтерге сүйеніп, елімізде заңсыз сыйақы алу қылмысы өте аз, кейбір өңірлерде тіпті жоқ секілді көрінеді. Бірақ, бұл алдамшы көзқарас, жалған пікір. Шын мәнінде қоғамда аталған қылмыстық құқық бұзушылық көріністері айтарлықтай өршіп тұр, бірақ көбісі дерлік жасырын күйде қалып латенттік сипатқа ие болып отыр.

Мұндай сот тәжірибесі елімізде заңсыз сыйақы алу қылмысы төмен деңгейде екенін білдірмейді, керісінше құзырлы органдардың тарапынан аталған дерекке қарсы іс-қимылдың біршама ақсап тұрғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстан Республикасына қарағанда шетел мемлекеттерінде заңсыз сыйақы алуға мағыналас қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін анағұрлым қатаң қылмыстық жауаптылық бекітілгені анықталды. Мысалы, мұндай қылмыс жасағаны үшін Арменияда ең ауыр жаза түрі ретінде 10 жылға дейінгі, Тәжікстанда 5 жылға дейінгі, Украинада 3 жылға дейінгі, Қырғызстанда 7 жылға дейінгі, Беларусь Республикасында 8 жылға дейінгі мерзімге бостандықтан айыру көзделген.

Дамыған шетел мемлекеттерінде заңсыз сыйақы алу парақорлық қылмыс ретінде есептеледі, сәйкесінше парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық анағұрлым қатаң белгіленген. Германияда мұндай қылмыс үшін 6 айдан 5 жылға дейін, Францияда 10 жылға дейін және айтарлықтай айыппұл, Ұлыбританияда 7 жылға дейін, Швецияда 6 жылға дейін, Италияда 12 жылға дейін, Сингапурда 7 жылға дейін, АҚШ-та 15 жылға дейін бостандықты жоғалтуы мүмкін.

Баршаға мәлім, отандық заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың көбісі шетел тәжірибелерінен келеді. Сондықтан шетел мемлекеттерінің тәжірибелерін ескере отырып, біздің елімізде де заңсыз сыйақы алғаны үшін жазалау мөлшерін көбейту қажет деп пайымдаймыз.

Қорытындылай келе, заңсыз сыйақы алу мемлекеттің экономикалық дамуына теріс әсер етуін, қоғамға қауіптілік дәрежесі жоғары болса да оны

жасағаны үшін жазаланушылық деңгейі төмен екенін және шетелдік тәжірибені ескере отырып, заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды жүргізудің маңыздылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту қажет.

Бұл ретте, ҚР ҚК-нің 247-бабының 1, 2-бөліктерін қылмыстық теріс қылықтан ауырлығы орташа қылмыс санатына, ал 3-бөлігін онша ауыр емес қылмыстан ауыр қылмыс санатына күшейту көзделеді.

Өз кезегінде, заңсыз сыйақы алғаны үшін жазаны күшейтудегі біздің мақсатымыз адамдарды қоғамнан оқшаулау емес, заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды жетілдіру болып табылады.

Сонымен, қылмыстық заңнамаға өзгерістер мен түзетулер келесі мәтінде ұсынылады:

«ҚР ҚК-нің 247-бабы. Заңсыз сыйақы алу

1. Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы -

сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет –

бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не төрт/бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ірі мөлшерде сыйақы алумен байланысты не қорқытып алумен ұштасқан іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алты/жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Аталған өзгерістер экономикалық даму деңгейін арттырумен қатар, заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша ЖТӨ мен АЖІШ жүргізуге толық

мүмкіндік береді, дәлелдемелік базаның жинақталуы мен құжаттандырылуын қамтамасыз етеді.

Келесі мәселе, қоғамда заңсыз сыйақы тек оны алушының тарапынан ғана емес, оны берушінің бастамасымен де орын алып жатады. Сондықтан заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимыл тек заңсыз сыйақы алу мәселесімен ғана шектелмей, сонымен қатар заңсыз сыйақы беру және оған делдал болу бағытында да күрес жүргізуді талап етеді.

Осы ретте, заңсыз сыйақы алу пара алу қылмысымен ұқсас болғандықтан, олар бір-бірімен ұштастырылып қаралды.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, ҚР ҚК-нің 366-бабымен пара алғаны үшін, 367-бабымен пара бергені үшін және 368-бабымен парақорлыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Дәл осылай шетел тәжірибесінде де пара алғаны, пара бергені және парақорлыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылықтар бар.

Ал отандық заңнамада заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін қылмыстық жауаптылық мүлдем қарастырылмаған. Бұл қоғам мүшелері мен азаматтардың жауаптылығы жағынан теңсіздік тудырады. Нәтижесінде, заңсыз сыйақы берген және оған делдал болған адамдарда жазасыздық сезімі пайда болады, сондай-ақ келешекте мұндай заңсыз іс-әрекетті қайта жасауға жол беріледі.

Осыған орай, азаматтардың жауаптылығы жағынан теңсіздік пен жазасыздық сезімін тудырмау, сондай-ақ мұндай заңсыз іс-әрекеттің алдын алу және келешекте қайта жасалуына жол бермеу мақсатында Қазақстанның қылмыстық заңнамасына заңсыз сыйақы алумен қатар заңсыз сыйақы бергені және заңсыз сыйақылыққа делдал болғаны үшін жауаптылық бекіту ұсынылады.

Осы ретте, ҚР ҚК-не жаңадан 247-1 және 247-2-баптарын енгізу туралы келесідей мәтінде құқықтық норма әзірленді:

«ҚР ҚК 247-1-бабы. Заңсыз сыйақы беру

Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскеріне немесе оған теңестірілген адамына, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскеріне жеке өзіне немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді беруі».

«ҚР ҚК 247-2-бабы. Заңсыз сыйақылыққа делдал болу

Заңсыз сыйақылыққа делдал болу, яғни заңсыз сыйақы алушыға және заңсыз сыйақы берушіге олардың арасындағы заңсыз сыйақы алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету».

Сонымен қатар, диссертация тақырыбы аясында заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты қатаңдатумен ғана шектелмей, қылмыстық-процестік іс жүргізуді де жетілдіру мәселесі қаралды. Бұл ретте, құқық қорғау

органымен заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша қылмыстық істердің тергеулігі зерттелді.

Заңсыз сыйақы алуға қатысты алдын ала тергеуді Ішкі істер органдары жүргізеді, ал пара алу бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет айналысады. Өз кезегінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі пара алу қылмыс түрімен жұмыс жасауға өте жақсы дағдыланған. Тәжірибеде пара алу дерегін анықтау, жолын кесу, ашу, оны тергеп-тексеру анағұрлым белсенді және жоғары деңгейде жүргізіледі.

Аталған қылмыстардың құрылымы, қылмыс элементтері, тіпті жасалу жолдары да бір-біріне ұқсас болғандықтан заңсыз сыйақы алу дерегі бойынша істерді тергеп-тексеру кезінде пара алу қылмысына қарсы қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тәжірибелік қорды пайдалану тиімді болады. Бұл жағдай мемлекеттік және өзге де ұйымдарда заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды реттеуге зор ықпалын тигізеді.

Шетел тәжірибесіне сүйенсек, Украинада заңсыз сыйақы алу дерегіне қатысты тергеуді арнайы орган – Украинаның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюросы жүргізеді.

Сол секілді, Сингапур елінде де заңсыз сыйақы алумен арнайы орган – Сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу бюросы айналысады. Біздің мемлекетімізге де осы тәжірибені қолданған оңтайлы болады.

Жоғарыда аталған құқықтық жағдаяттарды және шетелдік тәжірибені ескере келе, ҚР ҚК-нің 247-бабы бойынша заңсыз сыйақы алу дерегіне қатысты істердің тергеулігін Ішкі істер органынан алып (не осы органмен қатар) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жүктеу мәселесін қарастыру ұсынылады. Қылмыстық-процестік заңнамаға өзгерістер мен түзетулер келесі мәтінде беріледі:

«ҚР ҚПК-нің 187-бабының 3-бөлігі:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігінде), 216 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 217 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 218-1 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 247, 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 307 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) және 4) тармақтарында), 364, 365, 366, 367, 368, 369 және 370-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілері жүргізеді».

Тиісінше, ҚР ҚПК-нің 191-бабының 2-бөлігінен «247 (үшінші бөлігінде)» деген сөздерді, ҚР ҚПК-нің 191-бабының 16-бөлігінен «247 (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздерді алып тастау қажет.

Еліміздің қылмыстық заңнамаға және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына осылайша өзгерістер мен түзетулер енгізу заңсыз сыйақыға қарсы іс-қимылды едәуір жетілдіруге зор ықпалын тигізеді деп сенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000002020> (жүгінген күні: 31.10.2023).
2. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 31.10.2023).
3. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 31.03.2023).
4. 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000> (жүгінген күні: 31.10.2023).
5. Социологическое исследование на тему «Определение уровня антикоррупционной культуры и нетерпимости к проявлениям коррупции» / 2022 год. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/antikor/documents/details/553926?directionId=33388&lang=ru> (жүгінген күні: 19.01.2024).
6. Борчашвили И.Ш. «Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан». Особенная часть (том 2). – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 1120 с.
7. Агыбаев А.Н. «О незаконном вознаграждении». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30864585 (жүгінген күні: 10.11.2023).
8. А.Ибраева, Б.Қуандықов, Ш.Маликова, С.Есетова «Құқықтану». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://el.kz/content-4650_3924/ (жүгінген күні: 22.01.2024).
9. Қ.С.Қарбеков және басқалары «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне. Түсінік» – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2004. – 648 б.
10. 2020 жылғы 24 қаңтардағы «Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының № 3 Нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000003S> (жүгінген күні: 13.12.2023).
11. Аванесян В.В. «Криминологические проблемы правоохранительной деятельности». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-ustanovlenii-ugolovnoy-otvetstvennosti-za-nezakonnoe-voznagrashdenie/viewer> (жүгінген күні: 25.01.2024).

12. 2006 жылғы 23 маусымдағы «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының № 6 Нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000006S_ (жүгінген күні: 12.03.2024).

13. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802> (жүгінген күні: 15.11.2023).

14. Рахметов С.М. «О понятии бытовой коррупции». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36949383&pos=6;-106#pos=6;-106 (жүгінген күні: 30.11.2023).

15. 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410> (жүгінген күні: 30.11.2023).

16. Астана қаласы сотының ресми сайты. Мақала: «Қазақстан темір жолы» департаментінің директорына қатысты үкім шығарылды». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://astana.sud.kz/kaz/news/kazakstan-temir-zholydepartamentinin-direktoryna-katysty-ukim-shygaryldy> (жүгінген күні: 16.11.2023).

17. Уголовный кодекс Республики Армения от 18 апреля 2003 года № 528-N. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://www.arlis.am/documentview.aspx?docid=63312> (жүгінген күні: 20.12.2023).

18. Уголовный кодекс Республики Таджикистан от 21 мая 1998 года № 574. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397325 (жүгінген күні: 20.12.2023).

19. Уголовный кодекс Украины от 5 апреля 2001 года № 2341-III. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418109 (жүгінген күні: 20.12.2023).

20. Уголовный Кодекс Кыргызской Республики от 28 октября 2021 года № 127. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36675065 (жүгінген күні: 20.12.2023).

21. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-3. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984 (жүгінген күні: 20.12.2023).

22. Тороков Д.А. «Антикоррупционное законодательство Сингапура». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://novainfo.ru/article/9204> (жүгінген күні: 23.12.2023).

23. Камназаров М.М., Сарсенов А. «Анализ национальных законодательств зарубежных государств в сфере борьбы с коррупцией (Сингапур, Южная Корея, США, Россия)». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу

режимі: <https://www.sud.gov.kz/rus/content/analiz-nacionalnyh-zakonodatelstv-zarubezhnyh-gosudarstv-v-sfere-borby-s-korruptsiei-singapur> (жүгінген күні: 23.12.2023).

24. Игнатенко О. «Как наказывают за взятки в разных странах». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://ilex.by/news/kak-nakazyvayut-za-vzyatki-v-raznyh-stranah/> (жүгінген күні: 23.12.2023).

25. Шестак В.А. «Особенности публичной службы в Германии». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-publichnoy-sluzhby-v-germanii/viewer> (жүгінген күні: 24.12.2023).

26. 2008 жылғы 4 мамырдағы N 31 Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_ (жүгінген күні: 25.12.2023).

27. Карл А.М. «Соотношение негласных следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/sootnoshenie-neglasnyh-sledstvennyh-deystviy-i-operativno-rozysknyh-meropriyatiy/viewer> (жүгінген күні: 21.01.2024).

28. 2020 жылғы 11 желтоқсандағы «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының № 5 Нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000005S> (жүгінген күні: 15.02.2024).

29. Селютин А.В. «Подследственность, как форма внешнего выражения разграничения компетенции государственных органов и должностных лиц при осуществлении уголовнопроцессуальной деятельности». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/7-2-podsledstvennost-kak-forma-vneshnego-vyrazheniya-razgranicheniya-kompetentsii-gosudarstvennyh-organov-i-dolzhnostnyh-lits-pri/viewer> (жүгінген күні: 07.02.2024).

30. «Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 28 шілдедегі № 970 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000970> (жүгінген күні: 11.03.2024).

31. Уголовный процессуальный кодекс Украины от 13 апреля 2012 года № 4651-VI. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31197178 (жүгінген күні: 06.03.2024).

32. Закон Украины от 14 октября 2014 года № 1698-VII «О Национальном антикоррупционном бюро Украины». [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31619608 (жүгінген күні: 06.03.2024).

33. 2018 жылғы 20 сәуірдегі «Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының № 4 нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] – Қол

жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000004S> (жүгінген күні: 15.03.2024).

34. 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000081> (жүгінген күні: 18.03.2024).

Қосымша 1
Енгізу актісі

Қосымша 2
Енгізу актісі